# SARYARQA

2 шілде
2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№25 (8237)



КҮН ТӘРТІБІ
ДІН САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ
2-бет

ДҮБІР
ЭТНОАУЫЛ АШЫЛДЫ
3-бет

КЕЛБЕТ
ШЕРТПЕ КҮЙДІ ТӨРГЕ ШЫҒАРҒАН
5-бет

ДИДАРҒАЙЫП
ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕН
6-бет


6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

***Әлемдегі жас астаналардың қатарында Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы Палаудағы Нгерулмуд, Мьянмадағы Нейпьидодан кейін үшінші орынға жайғасады екен. Қаланы дамытуға қажетті бос жерлердің болуы, оның республика кіндігінде һәм геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы, құрылыс индустриясын одан әрі дамытуға қажетті базаның молдығы, жеке меншік сектордың және кәсіпкерлікті дамыту үшін әлеуетті мүмкіндіктердің бары және аймақтағы саяси және әлеуметтік тұрақтылық Сарыарқа баурайында жаңа астананың бой көтеруіне зор ықпал етті.***

# ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕЛОРДАСЫ

Сайын даланы мекендеген көшпелі жұрттың архитектуралық шеберлігі мен көзқарас-пайымы да сыналар тұс осы шешіммен тығыз байланысты. Ағаш уықты, киіз туырлықты қазақ халқы көп күнін ат үстінде өткізіп, шұрайлы жерге көшіп-қонып тұрмыс кешкен. Ия, Ұлы Даланың оңтүстік жұрты бірте-бірте отырықшылыққа ден қойып, Түркістан, Созақ, Сауран, Отырар, Сығанақ, Сайрам, Жаңакент сынды қалалардың бой көтеруіне себепкер болған. Ал өзге өңірлерде арагідік кесене мен бірер заңғар ескерткіштер тұрғызылғаны болмаса, қазақ жерінде қала мәдениеті айтарлықтай дами қоймағаны жасырын емес. XVIII ғасырдан бастап қазақ жерінің солтүстігінде Сібір губерниясы, Омбы, Железиинск, Ямышев, Семей, Өскемен, Орынбор, Переволоцк, Черногеренск, Татищев, Нижнеозерная, Расыпная, Елек қалашығы, Жайық, Сахарная, Калмыкова, Көш-Жайық, Кулагино, Тополев, Бақсай, Гурьев қамал-бекіністері тұрғызылды. Бұның барлығы Патшалық Ресейдің қазақтың солтүстігіндегі шұрайлы, пайдалы қазбаларға бай жерлерін басып алу үшін жасалған айлы шарғысының нәтижесі еді. Осы тұста кірпіші қаланған қалалардың қатарында Ақмола бекінісі де бар.

Қилы ғасыр қатпарларынан аман шыққан қазақ халқы 1991 жылы аңсаған асыл арманы Тәуелсіздікке қол жеткізді. Сол кездегі ел астанасы Алматы қаласы ғажайып табиғаты, келісті келбеті, мәдени-тарихи құндылықтарымен көркем болғанымен түрлі географиялық факторлар тұрғысынан жаңа қоныс қажеттілігі рас еді.



Қазақстанның астанасын ауызға алғанда жұбын жазбас ұғым ол – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі. Ел астанасының бас сәулетшісіне айналған Тұңғыш Президенттің еңбегі орасан зор. Қазақстанның Жоғарғы кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде Нұрсұлтан Әбішұлының ұсынысымен елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдады. Араға үш жыл салып ол 1997 жылы 20 қазанда астананы ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. Аталған құжатқа сай Ақмола Қазақстанның бас қаласы құқығын 1997 жылдың 10 желтоқсанда иеленді. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы Астана деп өзгертілді. Осы жылдың 10 маусымында жаңа елорданың халықаралық тұсаукесер рәсімі өтті. Осыған дейін түпкі мағынасы «астана» дегенді білдіретін әлемдегі саналулы қалалардың тізімінде болған бас қаламыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жіті бақылауымен күннен-күнге құлпырып, кемелдене, шырайына шырай, ажарына ажар қосыла түсті.

►3-бетте

## Құрметті жезқазғандықтар мен қала қонақтары!

Баршаңызды Елорда күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Нұр-Сұлтан – қазақстандықтардың мақтанышы, елдің Тәуелсіздігі мен егемендігінің, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен экономикалық өсуінің символы. Салыстырмалы қысқа уақыт ішінде бір кездердегі провинциялық қала мемлекетіміздің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің орталығына айналды. Мұнда әлем елдерінің саяси көшбасшыларының кездесулері, форумдар өтіп, маңызды да тарихи шешімдер қабылданады.

Елорда ең батыл, озық сәулет шешімдері орын алған, әлемдегі ең әдемі орындардың біріне айналды. Ол біздің әрқайсымыздың жүрегімізде ерекше орын алған. Ең бастысы, идеяны іске асыруда еліміздің барлық өңірлері мен қалаларының үлесі, бөлшегі бар. Біздің астанамыз – барша қазақстандықтардың жасампаз еңбегі мен патриоттық рухының нәтижесі.

***Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!***

Сіздерді астана күнімен құттықтаймыз! Елімізге бейбітшілік пен өркендеу, азаматтарымызға игілік пен амандық тілейміз. Біздің күшіміз бірлікте! Сол арқылы біз көп нәрсеге қол жеткіземіз. Оған Отанымыздың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы лайықты үлгі бола алады.

Мереке құтты болсын!

**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман ДОСАНОВ**

МЕРЕЙ

# МАРАПАТ БИІГІНДЕ

***Қоғаммен қатар тыныстап, әр түрлі ақпараттар легінде, мыңдаған адамдар, сан алуан тағдырлар тоғысында халықтың мұң-мұқтажымен бөлісіп, жоғын түгендеп, өз мүддесін кейінге қалдыратын бұқаралық ақпарат құралдары саласы мамандарының еңбегі ерен. Тұрғындар әлеуетін кеңейтіп, қоғамдық қатынастарды жетілдіруге, қоршаған ортаны философиялық тұрғыдан тануға болысатын, кез келген деректен хабардар, барлық саланы бір адамдай білетін бесаспап жезқазғандық сала мамандары 28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен тұспа-тұс келген апта басын қуанышпен қарсы алды.***

Карантин талаптарына сай офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылған жиынға қала әкімі Қайрат Әбсаттаров қатысып, мысты шаһар журналистикасын алға сүйреп жүрген барша сала мамандарына алғысын білдірді.

– Қазіргі таңда жезқазғандық БАҚ-та 30 журналист, 15 дизайнер, 10 бейнеоператоры және корректорлар, эфир техниктері, фотографтар, режиссерлер еңбек етуде. Журналист – қызығы мен шыжығы мол ерекше мамандық. Сараптамалық зерттеу жүргізіп, талдау жасау, әрбір оқиғаға жан-жақты баға бере отырып, тараптар пікірін ескеру, ақиқаттан айнымау, өз ойын дәлелді, сауатты әрі анық жеткізе білу – журналистің бойынан табылуға тиісті басты қасиеттер. Бүгінгі ақпараттану дәуірінде журналистер үшін жедел хабар тарату, АКТ-ны жітік меңгеру аса маңызды.

►►3-бетте

САКРАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН

# АЛАША ХАН: АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА

***Біз халқымыздың ерекше қастерлейтін ұлт ұясы – Ұлытауға арнайы келіп отырмыз. Ұлытау мекенінде дүниежүзілік маңызы зор тарихи-мәдени ескерткіштер көп. Солардың бірі – АЛАША ХАННЫҢ КЕСЕНЕСІ. Бірнеше ғасырлар бойы бұл жөнінде әр түрлі деректер келтіріліп жүр. Осы ретте терең тамырлы тарихымызға қатысты өзімнің зерттеуімді ұсынып, халықаралық ғалымдар қауымдастығына, әлем деңгейіндегі белгілі тарихшыларға АЛАША ХАНҒА қатысты мәліметтердің алшақтықтығын жойып, ақиқатты анықтайық деп ҮНДЕУ жариялап отырмын. Бұл Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем тарихы үшін маңызы бар!***

## АЛАШ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

Ұлытау күллі түркі халықтары үшін қасиетті мекен! Алаш империясының түпқазығы! Тарихи деректерден бұл жерде сақ, ғұн, түрік, қыпшақтар, жалпы ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ тұрақтаған.

Ұлытау өңірі орта ғасырлық кезеңдерде де өзінің геосаяси маңызын жойған емес. Әйгілі Шыңғыс хан өз империясының орталығы ретінде осы жерді таңдаса, үлкен ұлы Жошы да осы Ұлытауда орнықты. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды

Алтын орданың алғашқы астанасы осында орналасты. Дешті Қыпшақ мемлекеті шаңырағын көтерді. Кейін алып держава түркі жұртшылығының асыл діңгегіне айналды. Ұлытауда Алтын Орда билеушілері Едіге мен Тоқтамыстың жерленуі де тегін емес.

Әлемде өлшеусіз із қалдырған даңқты қолбасшылардың бірі Әмір Темірдің Ұлытау бойына келгендігі туралы жазба дерек те, тарихи ескерткіш те сақталған.

Темірдің сарай шежірешісі Шараф ад-дин Әли Ниязи «Даңқ кітабында» былайша келтіреді: «Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен сеңгір тауларға ұзақты күнге тесіле қараумен болды. Сонан соң әскерін жинап, сол жерде үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берді. Бармағы майысқан шеберлер осынау сәтті оқиғаның күнін тасқа қашап жазды» делінген. Ол ежелгі түркі әліпбиінің бір бөлігі араб, бір бөлігі шағатай тілінде жазылған. Бұл тас Ұлытаудағы Алтын шоқы биігіне орнатылған. Ал, қазір САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ «МЕМЛЕКЕТТІК ЭРМИТАЖ» МУЗЕЙІНІҢ «АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ» ЗАЛЫНА ҚОЙЫЛҒАН.

«Мен, Тұран сұлтаны Темір-бек 300 мың әскермен Орда ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа шықтым. Осы жерге жетіп, ұрпаққа белгі қалдырдым» делінген жазбада.

Одан кейінгі кезеңде Ұлытау Қазақ хандығының құт қонып, қыдыр дарыған мекеніне айналды.

►►4-бетте

# ТЕАТР ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ МАУСЫМЫН ЖАПТЫ

***Өткен жылдың 15 қазаны күні театрдың 49 маусымы Ш.Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты» спектаклімен ашылғаны көзі қарақты көрерменнің есінде болар. Маусымашар спектакльге COVID-19 індетімен күресте қажыр-қайрат көрсетіп, ажалға араша тұрған дәрігерлер арнайы шақырылып, кәсіби міндеттерін адал атқарған ақ халатты абзал жандарға ерекше құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, бұл күні театр басшысы Досхан Сәкен өнер ордасымен мәдени-рухани әріптестік орнатып, қолдау көрсетіп, демеушілік жасап жүрген бірқатар мекеме, кәсіпорын басшылары мен жеке кәсіпкерлерге ұжым атынан Алғыс хат тапсырды. Маусымашар шараға арнайы келген қала әкімі Қ.Әбсаттаров құттықтау сөз сөйлеп, ұжымға шығармашылық табыс тілеген еді.***

Енді міне, үстіміздегі жылдың 27 маусымы күні Иран Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?..» спектаклімен театр маусымы жабылды. Әртістер мен шығармашылық қызметкерлер кезекті еңбек демалысына шықты.

Жылдан аса уақыт адамзатты азапқа салған көзге көрінбес, қолға ұсталынбас індет, соған сәйкес қабылданған шектеу шаралары маусым ішіндегі театрдың жоспарланған жұмыстарының ырғақты жүруіне кедергісін келтіргені жасырын емес. Індет кезінде көрермен қатары сиреп, олардың шектеулі көлемде қойылымдарды тамашалауларына мүмкіндік берілді. Әрине, бұл спектакльдер мен көрермен жоспарының орындалысына кедергісін келтіргені сөзсіз. Яғни маусым ішінде 54 спектакль қойылып, оны 1363 көрермен ғана тамашалай алды.

Дегенмен, өмірдің өзі алға тартқан қиындықтар жұмыстың жаңа форматтарын іздестіріп, тиімді жобаларын енгізуді алға тартты. Өмірімізге дендеп енген онлайн форматта жұмыс жалғасып, театрдың әлеуметтік желілердегі парақшаларында атқарылған жұмыстар жан-жақты көрініс тапты. Репертуарлық жоспар тұрақты жарияланып, мерекелік іс-шаралар және түрлі тақырыптарға орай бейнебаяндар ұсынылды.Театр әртістерінің шығармашылық жолдары кеңінен насихатталды. Осындай жұмыстың оңтайлы тәсілдер арқылы маусым аралығында әлеуметтік желілерде 166 іс-шара өткізіліп, көрермендер арасындағы көрсетілімдер саны 42825-ке жетті. Театрдың әлеуметтік желілеріндегі жазылушылар саны қазіргі уақытта 2242 адамды құрайды.

Кездескен кедергі мен қиыншылықтарды еңсере отырып, театр ұжымы бірнеше жаңа спектакльді көрерменге ұсынды. Соның бірі жоғарыда айтылған Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналып қойылған Иран Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?..» спектаклі. 3-4 наурыз күндері өткен спектакль премьерасына автор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері ақын Иран-Ғайып арнайы келді. Ел-жұртының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Абайдың жан дүниесінің азабы көрініс тапқан, ақ пен қара, жақсылық пен жамандықтың бітіспес күресі сияқты күрделі мәселелер төңірегінде ой қозғаған спектакль көрермен ғана емес, автордың да көңілінен шықты. Қоюшы режиссері – Теміржан Жанботаев.

►►8-бетте

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕГЕН ФЕСТИВАЛЬ

***Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай мысты шаһар төрінде «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті» атты этнофестиваль өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде іске асырылған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл фестиваль маусым айының басында Ақтоғай ауданында басталған болатын. Келесі сапарын тарихи-мәдени мұраларға бай, салт-дәстүрі сақталған мысты өлкеде жалғастырғанды жөн деп тапқан фестиваль қатысушылары қаламыздағы «Жастар» саябағына жиналып, өз өнерлерін паш етті.***

►►3-бетте



SARYARQA-АҚПАРАТ

### АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

***Ауыл әкімдерін сайлау осы жылдың шілде айының соңғы 10 күні ішінде өтуі тиіс. Бұл туралы Ұлттық экономика министрлігі мәлім етті.***

Сайлау 2021 жылдың тамыз айынан бастап өкілеттігі аяқталатын әкімдерге қатысты болады. Бұл ретте сайлау 40 күн бұрын жарияланады. Ал сайлаудың өзі іс басындағы әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 10 күн бұрын өтеді.

«Осылайша, алғашқы тікелей сайлау осы жылдың шілде айының соңғы онкүндігінде өтуі тиіс. Бұл ретте кандидаттарды ұсыну сайлау жарияланғаннан кейін келесі күні басталады және сайлау өткізілетін күнге дейін 15 күн бұрын аяқталады. Яғни ұзарту мерзімінің ұзақтығы 14 күнге дейін жетуі мүмкін. Осы уақыт ішінде кандидат тіркеуге қажетті құжаттарды жинаумен айналысады», – деді министрліктен.

Кандидаттарды тіркеу сайлау күнінен 10 күн бұрын аяқталады. Осы кезеңде аумақтық сайлау комиссиясы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді. Сайлау күнінің алдындағы соңғы онкүндікте үгіт-насихат іс-шаралары, тіркелген кандидаттар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар және сайлауға дайындық жүзеге асырылады.

«Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарылады, жеті күн ішінде сайланған әкімді тіркеу жүзеге асырылады. Бұл ретте сайланған әкімнің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады», деп түсіндіреді ведомстводан.

### ЕЛОРДАДА ВАКЦИНА АЛҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҰТЫСҚА IPHONE ТЕЛЕФОНДАРЫ ТІГІЛЕДІ

***Елорда вакцина алғандарға арналған алғашқы екі iPhone келесі аптада ойнатылады.***

– Біз IT-қауымдастықпен кеңестік және құнды сыйлықтарды Birge платформасында ойнататын болдық. Қосымша жақында іске қосылды. Біз мұның әділеттілік қағидаты бойынша ашық болғанын қалаймыз, сондықтан вакцина алған барлық адам ұтысқа қатысады. Ұтыс тікелей эфирде кездейсоқ сандарды кездейсоқ теру әдісімен өтеді. Алғашқы iPhone телефондары келесі аптада ойнатылады, – деді А. Көлгінов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, апта сайын екі iPhone ойнатылады.

– Менің ойымша, бұл – вакциналау үшін жақсы ынталандыру және бұл халықаралық тәжірибе. Автокөліктер мен пәтерлер де дәл солай. Автокөлік Мегаорталықта ойнатылады, – деді Алтай Көлгінов.

Айта кетейік, елордалықтар арасында вакциналауды ынталандыру үшін демеушілік қаражат есебінен 20 iPhone12 ойнатылады.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ АЯҚТАЛДЫ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ 2021 ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

***Қарағанды облысында халық санағының тұрғын үйлер және тұрғын емес үй-жайлар тізімін қалыптастыру бойынша дайындық кезеңі аяқталды.***

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап әр елді-мекенде халық санағының интервьюерлерімен халық тұратын тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды аралау жүргізілді, мекенжай деректері нақтыланды және елді-мекендердің картографиялық материалдары өзектендірілді. Алынған деректер «Аудандастыру» автоматтандырылған жұмыс орнының және «Планшетте деректерді жинау» мобильді қосымшаның көмегі арқылы жинау және өңдеу жүргізіледі. Жұмыстар ағымдағы жылдың 30 маусымына дейін жүргізілді.

Қарағанды облысында жұмыстарды жүргізу үшін 66 нұсқаушы-бақылаушы және 486 интервьюер тартылған. Уақытша санақ персоналы жиналған ақпаратты жинау үшін планшеттегі арнайы мобильді қосымшада жұмыс жасау бойынша оқудан өтті.

Санақ персоналы жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етілген.

Дала жұмыстары кезінде санақ қызметкерлерінің қауіпсіздігін жергілікті полиция қамтамасыз етеді.

Дайындық кезеңінің қорытындысы бойынша аудандастыру өткізіледі, яғни 2021 жылғы қыркүйек-қазанда негізгі халық санағын өткізу үшін облыстың аумағын нұсқаулық және есептік учаскелерге бөлу.

# ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

***Бүгінгі қоғам үшін ұлтын сүйер ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды. Халқының өткен тарихын, бабалардың басынан кешірген тар жол тайғақ кешуін ұғынып, бүгінгі бейбіт күннің қадір-қасиетін шын сезіне білген жас қана кемел келешектің тұтқасына айналады. Қалалық ішкі саясат бөлімі мен жастар ресурстық орталығы өскелең өрендер бойына патриоттық тәрбиені молынан сіңіру мақсатында бірқатар игі бастамаларды жүзеге асырып келеді. Соның бірі – өмірі өнегемен өрілген тұлғалардың еңбек жолын насихаттауға арналған кездесу кештері. С. Сейфуллин атындағы кітапхананың коворкинг залында ұйымдастырылған кезекті кездесудің бұл жолғы сыйлы қонағы – қалалық мәслихат депутаты, аймақтық «Дидар» телеарнасының продюсері Мақпал ОРЫНБЕТОВА.***



Жиынның әлқиссасын ашқан ішкі саясат бөлімінің маманы Әсем Жұмағұлова кеш қонағының өмірбаянына кеңінен тоқталып өтті. Мақпал Орынбетова қойылған алғашқы сұрақ қоғам белсендісінің жастық шағы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жайында өрбіді.

– 1985 жылы КОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы болып М.С.Горбачев тағайындалғаннан кейін Қазақстанның сол кездегі бірінші хатшысы Д.Қонаев орнынан алынып тасталды. Елі үшін соншама маңдай терін сарп еткен жанды бір күнде қызметтен шеттете салғаны барлық қазақ жастарының намысына тиді. Осылайша, ол кезде телефон жоқ. Бәріміз таныс жастармен хабарласып, келесі күні алаңға шығуға уағдаластық. ҚазҰУ-нің жастары сабақтан шығып, басқа оқу орындарынан кешірек бардық. Сөйтіп қағаз плакаттарға, ақ маталарға сол кездегі кеңестік билік басында болғандардың ұлтқа қатысты сөздерін жазып алып шықтық. Бейбіт шеру екеніне қарамастан әскерилер бізге салқын су шашып, қазақ қыздарын машинаға салып алып, айдалаға апарып түсіріп тастап кетіп жатты. Біз үш күн қарсыласқымыз келді. Себебі үш күн бойы тарамаған бейбіт шеруге БҰҰ назар аударатынына сендік. Дегенмен, адам айтқысыз күш көрсету салдарынан жатақханаға қайтуға тура келді. Одан кейінгі өмір тіптен қиындады. Бізге алты ай бойы тергеу жұмыстарын жүргізді. Фотоға, видеоға түсіп қалған көп жастар оқудан шеттетілді, олардың барлық жақын туыстары жұмыссыз қалды, – деген Мақпал Орынбетова сол кездегі қилы күндерді күрсіне еске алды.

Шара барысында ол өзінің жатақханада бірге тұрған құрбысы, көтеріліс кезінде бірге болған досы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Роза Мұқанова туралы естеліктерімен бөлісті.

Одан әрі жастардың сауалдарына жауап берген ол, оларға елінің ертеңі болу жолында аянбай еңбек етуге, білім алуға кеңес берді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

COVID-19

***Жыл басынан бері Қарағанды облысында ковидтен кейінгі оңалтудан 313 адам өтті. Оңалту ем-шаралары медицианлық сақтандыру қоры қаражатынан төленді.***

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЕСЕБІНЕН ОҢАЛТУДАН ӨТТІ

Биылғы жылы КВИ ауыр түрі мен ауырлығы орташа дәрежедегі науқастарды оңалтуға медициналық сақтандыру қоры 108,7 млн теңге бөлуді жоспарлап отыр. Оның 24,7 млн теңгесі облыстың оңалту орталықтарына жіберілді.

«МӘМС енгізілуімен медициналық оңалту жаңа деңгейге шықты. Қан айналымы жүйесі ауруларынан (инфаркт, инсульт), кардиохирургиялық, нейрохирургиялық және травматологиялық оталардан кейін науқастарды оңалтудан басқа, қазір коронавирустық инфекциядан кейін оңалтуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыста COVID–19-дан кейін қалпына келтіру курсынан бес медициналық ұйымда өтуге болады – бұл «Тұлпар» ЖШС, «Жезқазған медициналық орталығы», «Шипагер» балаларды оңалту орталығы», «Жаңа емхана», «Березняки» санаторийі», – деп хабарлады медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалында.

«Тұлпар» орталығында КВИ-ден кейін пациенттерді оңалту үшін жеке корпус жұмыс істейді, оның ауданы 2 000 шаршы метрді құрайды. Қосымша жабдықтар, оның ішінде оттегі концентраторлары мен биотрондар сатып алынды. Қалпына келтіру курсы орта есеппен 10 күнге созылады. Бұл ретте әр пациенттің жағдайына байланысты. Орталық мамандары алдымен емделушінің жағдайын, өкпенің зақымдану көлемін, бар асқынуларды, қатар жүретін ауруларды бағалайды. Осы көрсеткіштерге сәйкес науқасқа вибромассаж, жарықпен емдеу тағайындалады – биоптрон, электрофорез, ингаляция, физиотерапия жаттығулары.

– Сонымен қатар, бізде психологиялық оңалту жүріп жатыр. Пациенттердің 90%-ында ковидтен кейінгі депрессия, қорқыныш, ұйқысыздық, мазасыздық бар. Психолог топтық және жеке сабақтар өткізеді, демалуға арналған жаттығуларды көрсетеді, – дейді «Тұлпар» орталығының реабилитологы Баршын Мырзаева.

Вибромассаж ентігу, жөтел сияқты өткен аурудың қалдық құбылыстарынан арылуға көмектеседі.

– Бұл өкпе тініне әсер етеді және осы белгілерді жояды. Оны 7 күнге тағайындаймыз. Биоптронның қабынуға қарсы, қалпына келтіретін әсері бар. Ол 10 күнге тағайындалады, – деп түсіндірді «Тұлпар» физиомедбикесі Салтанат Махамбетова.

Қарағандылық Оксана Ысқақова осы жылдың мамыр айында коронавирус инфекциясын жұқтырған. Ол ауруханаға өкпенің 30% зақымдануымен түскен. Шығару кезінде бұл көрсеткіш 20% құрады. Қазір әйел оңалту курсын аяқтап жатыр және оның айтуынша, жағдайы айтарлықтай жақсарып келеді.

– Мен ауруханадан шыққан соң маған емханадан қоңырау шалып, оңалту бар екенін хабарлады. Екі апталық карантиннен кейін мен тестілеуден өтіп, жұма күні кешке порталға өтініш бердім. Жексенбіде мен ауруханаға жатқызу күні туралы хабарлама алдым. Онда мен ентікпемен түстім. Қазір тыныс алуым жеңілдеді, жағдайым жақсарып келеді, – деді Оксана Ысқақова.

Бүгінгі күні «Тұлпар» орталығындағы тәулік бойы стационардың барлық 55 төсегі бос емес. Соңғы екі айда өңірде ковидтен кейінгі оңалтуға сұраныс артты. Дегенмен, қалпына келтіру емінің қарсы көрсетілімдері де бар. Оңалту процедуралары қатерлі ісік, жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарға, сондай-ақ ауыр тыныс алу жеткіліксіздігімен және кейбір жүрек ауруларымен ауыратындарға рұқсат етілмейді.

# ДІН САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

***Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Мемлекетіміздің басты құндылығы – ұлтаралық және дінаралық келісім мен татулықты сақтау. Қазір Тәуелсіз елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс, 18 конфессиядан тұратын дін өкілдері өмір сүруде. Мемлекетіміздің дін саласындағы ұстанған саясаты әділдігімен, ашықтығымен, адам құқығын заңмен қорғауымен маңызды.***



Елімізді мекендеген 18 конфессияға енетін 3816 діни бірлестіктің 2680-і – ислам бағытында болса, 342-і – православие, 86-ы – католик, 595-і – протестандық бағытты ұстанған.

«Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары» мемлекетіміздің дін саласындағы саясатының мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Бағдарлама «Зайырлылық қағидаттарын нығайту», «Азаматтардың діни сенім бостандығына құқығын және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету», «Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету», «Дін саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» деген 4 бөлімнен тұрады.

«Азаматтардың діни сенім бостандығына құқығын және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету» бөлімінде көрсетілгендей, діни сенімдегі отбасылардың кәмелетке толмаған балаларының құқықтарының заңмен қорғалатыны еліміздің болашақ азаматтарының қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуына ықпал етеді. Елімізде тіркелген кейбір ұйымдардың діни наным-сенімдеріне орай, балаларына қан құйдырмау салдарынан шетінеп кету фактілері сирек те болса орын алуда. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес мұндай әрекеттерге жол бермеу қарастырылған.

Бағдарлама әлемде қалыптасып отырған күрделі діни ахуалға орай, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ел халқының діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы тұра алатын иммунитетін қалыптастыру бағытында іс-шараларды жүзеге асырады. Бағдарламада осыған орай ақпараттық, әлеуметтік және ғылыми білім жобаларын іске асыру көзделген.

Еліміз бойынша 224 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді. Оның құрамында мемлекеттік қызметкерлер, дін мамандары, еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйым мүшелері еңбек етуде.

Діни сауатсыздық салдарынан адасқан, экстремистік әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған адамдарды радикалдық пиғылдан қайтару бағытында дін мамандары мен құқық қорғау органдарының бірлескен қызметі елімізде радикалды, жат идеологиялардың алдын алуда.

Ел азаматтары өз еркімен дінді ұстануға немесе ұстанбауға құқылы. Зайырлы мемлекетіміз адамдардың діни наным-сеніміне қол сұқпайды. Алайда, құқықтық мемлекет ретінде заңда көрсетілген шектеулерді бағытқа ала отырып, әрекет етеді.

Соңғы жылдары деструктивті діни теріс ағымды ұстанушылар тарапынан әкімшілік құқық бұзушылықтар кездесуде. Мемлекеттік рәміздер мен ұлттық және мемлекеттік мейрамдарды мойындамау белең алды. Аталмыш құжатта «Қазақстанды мекендеген барлық өзге дін өкілдері мемлекеттік рәміздерді, ұлттық және мемлекеттік мерекелерді құрметтеуге тиіс» делінген.

Сондай-ақ, қазақстандық қоғамда діндер:

- қоғамдағы моральдық-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға, сақтауға және дамытуға, соның ішінде руханиятсыздық элементтерін жеңуге;
- қоғамдағы мәдениет деңгейін арттыруға;
- халықтың дәстүрлі құндылықтарын дамытуға және қоғамға жалған құндылықтардың енуіне қарсы тұруға;
- отбасы және неке институтының рөлі мен маңыздылығын арттыруға;
- елде және халықаралық деңгейде мәдени алуан түрлілік пен мәдениетаралық диалог құндылықтарын дамытуға маңызды үлес қоса алады, – делінеді.

Бағдарламаның маңыздылығы – радикалды, деструктивті діни теріс ағымдардың экстремизмді насихаттауына және діни теріс ағымдарға адам тартуына жол бермеу. Бұл бағыттағы басты мақсат – экстремизм мен радикализм идеологиясының алдын алу үшін жұмыс тиімділігін жетілдіру, дін мамандарының біліктігін арттыру, әлеуметтік, ақпараттық жұмысты тиімді ұйымдастыруда жатыр.

Бұл жұмыстар халықтың дін саласындағы мемлекеттік саясатты және зайырлылық қағидаттарын қолдауына, діни теріс ағымды ұстанушыларды оңалту арқылы зайырлы қоғамға оралуға қол жеткізеді деп ойлаймыз.

**Мақсатбек МАХАНБЕТОВ,**
**Маңғыстау облысы дін істері басқармасының басшысы**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# САЛДАРМЕН ЕМЕС, СЕБЕППЕН КҮРЕСУ ҚАЖЕТ

ЖОЛДАУЫ 2020

***Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әрбір Қазақстандықтың міндеті.***

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де, жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Әділдік жоқ жерде пара белең алады. «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Президент Жолдауында заңды бұзған екенсің оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың дейтін нақты ереже бар. Онда бұлай болмаған күнде біз кеңестік кездегі заңды қалай бұрсаң солай бұралатын тәртіптің керін қайталайтынымыз анық көрсетілген. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де Жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

**Кымбат КАЗБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы**

### АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ОНЛАЙН КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Кеңес» консультациялық қызметі аясында ауыл тұрғындары өздерінің құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық, азаматтық және саяси-мәдени бостандықтары туралы кеңестер мен түсініктемелер ала алады.

Кеңес беру қызметі өзінің бизнес-жобасын жүзеге асырғысы келетін ауыл тұрғындарына қажетті ақпаратты ұсынады, жеңілдіктерді пайдалану және т. б.

Өтініш/сұрақты кез келген ыңғайлы тәсілмен жіберуге болады: сайтта нысанды толтыру - http://trinta.kz/kenes, whatsapp, дауыстық пошта +7-707-650-43-80, e-mail: trinta-kz@mail.ru

Консультациялық қызметтің жұмысын және іс-шараларды ұйымдастыруды «Ауылдық елді-мекендер тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру» жобасы шеңберінде «ТРИНТА» қорының командасы қамтамасыз етеді.

Қосымша ақпарат алу үшін жоба үйлестірушісі Жадыра Анкобаеваға хабарласуға болады. **+7-777-765-47-74, 8-7232-52-53-94, trinta-kz@mail.ru.**

Жоба азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен жүзеге асырылуда



МЕРЕЙ

# МАРАПАТ БИІГІНДЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Осы үдеден шығып отырған барша сала мамандарын мерекемен құттықтаймын. Қаламдарыңыз қарымды, шабыттарыңыз телегей болсын! – деген қала әкімі 2020 жылдың басынан басталып, бүгінге дейін жалғасқан қауіпті індет кезінде оқырман мен көрермен үшін үзіліссіз еңбек еткен журналистер жұмысына арнайы тоқталып, жоғары бағасын берді. Ізгі ілтипатқа толы шара одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасты.

Алғашқы болып марапат алаңына тележурналистика саласының ардагері Мақсұт Сексенбаев пен «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаева көтеріліп, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасын еншіледі.

Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан мен «Жезказганский вестник» газетінің дизайнері Феодосия Христофоридиге табысталды.

Қала әкімінің Алғыс хаты «Жезказганский вестник» газетінің фототілшісі Виктор Шавнев пен «Saryarqa» газеті жанындағы «Saryarqa.info» сайтының модераторы Айяжан Тілекке, Қарағанды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің меншікті тілшісі Әлібек Әбдіраш пен «Индустриальная Караганда» газетінің меншікті тілшісі Юлия Пулинаға бұйырды. Әкім Алғыс хатымен марапатталғандар қатарында әлеуметтік желіде қала тыныс-тіршілігіне қатысты өткір де өзекті мәселелерді көтеріп жүрген блогерлер Валерий Фомин мен Светлана Оңғарбаева да бар.

Жыл сайын аталған мерекеде үздік деп танылған ақпарат саласының абадандары арнайы номинациялар бойынша іріктеледі. Жылдағы дәстүрге сай биыл да үздіктер шеруі түзіліп, марапат иелеріне 120 000 теңгелік сертификаттар табысталды. Қала әкімінің «Ақпарат айнасы» номинациясы мен «Дидар» телеарнасы ұжымына бұйырса, «Байыпты басылым» аталымын «Saryarqa» газеті редакциясы қанжығалады. «Насихат» номинациясын «Жезказганский вестник» газеті, «Оқырман серігі» номинациясын «Подробности» газеті, «Өндіріс жаршысы» номинациясын «Мысты өңір» газеті алды. Биыл ашылғанына 5 жыл толған тарихи-танымдық «Ұлытау және Ұлт» журналы ұжымы «Руханият» номинациясын иеленді.







Ерек қаламгерлік қарымы, көп жылдық мол тәжірибесі арқасында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған журналистер Жезқазғанда да баршылық. Жастарға жанашырлық танытып, жөн сілтеп жүретін «Saryarqa» газетінің тілшісі Амандық Рахұлы мен биыл жетпістің желкенін бағындырған «Подробности» газетінің бас редакторы Нина Барбутько «Мамандық майталманы» номинациясы бойынша үздік деп танылып, 120 000 теңгелік сертификатқа ие болды.

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

# ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕЛОРДАСЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

2019 жылы 20 наурызда Қазақстан Республикасының екінші Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысындағы сөзінде, Елбасының атын мәңгі сақтау үшін Астана қаласының атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерту жөнінде ұсыныс жасады.

«Біз, қазіргі және келешек ұрпақ өкілдері, Елбасының саяси мұрасын жадымыздан шығармай, қадір тұтып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи еңбегіне лайықты құрмет көрсетуіміз қажет. Елбасының халқымызға және әлем қауымдастығына сіңірген ерен еңбегі мен ұлы есімін мәңгі есте сақтауымыз керек. Бұл халқымызды, әсіресе, жастарды тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеп, Елбасының даңқты қызметін әділ бағалау үшін маңызды. Ұлы замандасымыздың, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атын келесідей түрде есте қалдыру қажет деп санаймын. Елордамыз оның атын иемденіп, Нұр-Сұлтан деп аталуы тиіс. Мұндай ұсыныс бұған дейін 2016 жылдың 23 карашасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай парламентарийлер қабылданған декларацияда айтылған еді», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасын Парламент депутаттары қолдап, астана атын Нұр-Сұлтанға ауыстыру жөнінде шешім қабылдады. Осылайша Вашингтон, Париж, Сан-Марино, Коломбо, Веллингтон, Валлетто, Сантьяго сынды кісі атымен аталатын астаналар саны Нұр-Сұлтанмен толықты.

Батыс пен Шығыс мәдениеті тоғысқан ғажайып қала келбеті жылдар жылжыған сайын жасарып, күн сайын жаңарып келеді. Ол төрткүл дүниенің толғақты түйіндерін талқылайтын жаһандық орталыққа айналып, әлем жұртын таңдай қақтырып, бас идіріп үлгерді.

Нұр-Сұлтан қаласы туралы еске түсіріп, аузына сөз түскенде «Бәйтерек» монументін айтпау мүмкін емес. Аталған монумент-ғимарат қаланың басты символындай. Күнге төтеп беріп, ғаламат қанаттарын қатты сермегенде дауыл тұратын, көз жасы жерге жаңбыр болып тамшылайтын аңыздағы алып құс самұрық құс туралы баяндалатын сонау әфсана елорданың қақ ортасында көп қиялынан ерекше «Бәйтерек» сәулетіне себеп болды. Бүгінгі күнге дейін Нұр-Сұлтан қаласында орын алып жатқан игі іс-шаралар мен бой көтеріп жатқан ғимараттар санын қолмен тізбелеу әсте мүмкін емес. Оны мың рет естігеннен, бір рет көрген абзал.

Елордамызда ЕҚЫҰ саммиті, VII Қысқы Азия ойындары, ИКҰ форумы, Астана экономикалық форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері өтті. Халықаралық айтулы оқиғалардың дүбірлі ордасына айналған елорданың мәртебесі одан әрі «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде тіптен асқақтады. «Болашақтың энергиясы» деген тақырыппен 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында өткен көрмеге 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйым қатысты, тамашалауға келген қонақтар саны 3 млн-ға жетті. Адам айтса нанғысыз технологиялар әкелініп, әлем назарына ұсынылған мұндай көрме қос ғасырлық тарихында Орталық Азия мен ТМД елдерінің арасында алғашқы болып Қазақстан астанасында ұйымдастырылған болатын.

ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атанған аяулы астанамыз жедел қарқынмен дамып келеді. Биыл 23 жасқа толғалы отырған бас қаламызда 1 млн 200 мыңдай тұрғын бар.

Нұр-Сұлтан – жалынды жастар мен білікті мамандардың мекені, жаңашылдықтың ордасы. Керей мен Жәнібек салған Қазақ хандығының тұлғалы тарихын жалғастырып, Тәуелсіз Қазақстанның айбынын асырған әсем қаланың ерке Есіл жағасында асқақтап тұра берeріне қашанда сеніміміз кәміл. Даласы құтқа, көңілі шатқа толы дәуірлер тоғысқан мезетте бабалар армандаған қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманда қазақпен бірге астанамыз Нұр-Сұлтан қаласының мәртебесі мәңгі биіктей бергей!

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Шілiңгір шілде айы мерейлі мереке Астана күнімен ерекше. Бәлкім, бұл Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласын ерекше жақсы көретінімнен болар. Ел астанасына қызықпайтын жан кемде-кем. Оның сұлулығына тіпті шетелдіктер де қайран қалады. Ал, мен үшін Нұр-Сұлтан қаласының жөні тіптен бөлек. Себебі мен бұл қалада болашақ кәсібімді игеріп жатырмын.*

# БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Мен мамандық таңдаудан айтарлықтай қиналғаным жоқ. Бала күнімнен сурет салуға бейім болдым. Сол қызығушылығым өсе келе арманға ұласты. Осылайша менде өзге қатарластарым секілді дизайнер болуды, Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының біріне түсуді және өз маманджығым бойынша топ жаруды мақсатым еттім. 11-сыныпты бітірген соң арманымды жүзеге асыру мақсатында елордадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне құжаттарымды тапсырып, аталған оқу орнының студенті атандым.

Қазіргі таңда дизайн мамандығы бойынша сәулет-құрылыс факультетінің 4-курсын тәмамдадым. Алда әлі бір жыл бар. Осы 4 жылда студенттік өмірім қызықты әрі жарқын сәттерге толы болды. Жаңа ортада жаңа достарға кезіктім. Оқу барысында дизайн саласындағы заманауи компьютерлік бағдарламаларды меңгердім. Көрмелерге, түрлі деңгейдегі жарыстарға және ғылыми жобаларға қатысу арқылы өз қарым-қабілетімді сынауға мүмкіндік алдым. Университет қабырғасында өтетін іс-шараларда бой көрсетіп, белсенді студенттер қатарынан орын алдым. Еуразия ұлттық университетімді менің бұған дейін ашылмаған жаңа қырларымды ашуыма, өзімді танытуыма мол мүмкіндік тудырып, дұрыс бағыт-бағдар сілтеді.

Астанамыз Нұр-Сұлтан қаласы – әлемдегі жас қалалардың бірі. Дегенмен, оның құрылысы, сәулет өнері жүз жылдықты еңсерген көптеген қаладан алда. Қаланың мәдени өмірі қанық және қызықты. Оның байсалды әрі жылы атмосферасы кез-келген адамды баурап алады.

Нұр-Сұлтан қаласында менің сүйікті орындарым жетерлік. Ел астанасы – сарқылмас шабыттың ордасы. Ондағы әрбір ескерткіш, ғимараттар еңсеңді көтеріп, жаңа идеялар туындатады. Менің ең сүйікті орындарымның бірі – Хан-Шатырдан Президенттің резиденциясы «Ақ Ордаға» дейін созылған желекжол. Мен бұл жерде жаяу серуендегенді ұнатамын. Осы жерден қызықты қалалық пейзаждарды қағаз бетіне түсіруге болады. Мен достарммен бірге осы желекжол бойынша отырып, үй тапсырмаларын орындағанды, жаңа сызбалар ойлап тапқанды жақсы көреміз.

Қазақстан астанасының мәдени тұмарына айналып үлгерген қайталанбас сәулет туындысы – «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры. Аталған өнер өнер ордасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылы ашылды. Шығармашылық адамдарының барлығы дерлік классикалық музыкаға етене жақын болады. Содан болар мен бұл жерге келіп, ғажайып күйге енемін. Маған бұл театрдың ерекше сәулет өнері, дизайны қатты ұнайды.Әлемдегі сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлерін ескере отырып салынған театр архитектурасынан ұлттық нақышты анық байқауға болады. Сондай-ақ, театр әлемдік стандарттарға сай толықтай соңғы үлгідегі техникалармен жабдықталған. «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас сахнасының көлемі 935 шаршы метрді құрайды. Ал ені – 21 метр, тереңдігі – 59 метр. Театрдың қосымша екі бүйірлік сахнасы бар. Театр сленгінде «қалта» деп аталатын бұл сахналар қажет болғанда дайын декорациялармен жылжып отырады. Осы сахналар арқасында қойылымдар арасындағы үзіліс қысқа әрі ең күрделі деген спектакльдерді сахналауға мүмкіндік бар. Сахнадан 12 метр тереңдікте «төменгі деңгей» деп аталатын автоматты басқару жүйесі бар машинарий орналасқан. Ал оркестр шұңқырына 120 музыкант сыяды 1250 көрерменге шақталған залдың 450 орны партерге тиесілі. Басты зал аттың тағасына ұқсатылып жасалған. Мұндай құрылыс «Ла Скала» сияқты әлемнің үздік опера театрларының залында ғана кездеседі. Театрда 8 қосымша зал, 11 дайындық орны, 250 орынға есептелген камералық музыка мен баспасөз залдары бар. Батыстық ежелгі сәулет өнері мен қазақтың ұлттық нақышты безендірулерін бір салаға тоғыстырған театрға кіргеннен бөлек әлемге тап боласың. Мен онда достарыммен, ұстаздарыммен барып «Травиата», «Кармен» қойылымдарын тамашаладық. Әр қойылым сайын мол рухани байлыққа кенеліп қайтқандай күй кешемін.

Өзінің сан қырлылығымен, жаңашылдығымен қазақ театр өнерінде өзіндік орнын айшықты түрде белгілеген жас та болса, жасампаз өнер ордаларының бірі Жастар театрына да жиі барып тұрамын. Жастар театры Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 2007 жылы 5 шілдеде құрылды. Өнер ордасы өз шымылдығын Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаевтың «Шыңғысхан» спектаклімен түрген. Жыл сайын түрлі театр байқауларында бас жүлдені қанжығасына байлап жататын бұл театр өзге театрлардан шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді деп ойлаймын.

Астанадағы ерекше атмосфераға толы орындардың бірі – ботаникалық бақ. 87 гектар аймақты қамтитын бұл бақта 2 балалар ойын алаңы, 20 тренажер, 2 футбол алаңы, 4 теннис алаңы, 4 волейбол және 2 баскетбол алаңы, 14,2 шақырымдық веложол, 11,8 жүгіру жолы, демалысқа арналған 4 алаң, 8 үлкен жарық және 18 кіші аэродинамикалық фонтан, одан басқа мұнда WI-FI үшін орнатылған орындықтар бар. 312 мың ағаш отырғызылған ботаникалық бақта музыканттарды, қол ұстасқан ғашық жандарды, отбасымен серуендеген қарттарды жиі кездестіруге болады. Нұр-Сұлтандықтар ботаникалық баққа келіп демалғанды ұнатады.

Айта берсек, Нұр-Сұлтан қаласында қарасаң көзің тоймайтын әдемі орындар жетерлік. Мен үшін Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы. Мен де келешекте осы қаланың тұрақты тұрғынына айналғым келеді. Өз арманыма қол жеткізу үшін талмай еңбектенетін, ізденетін боламын. Нұр-Сұлтандағыдай биік әрі сәнді ғимараттар туған жерім Жезқазғанда да болғанын қалар едім.

Көрікті келбетімен, мол мүмкіндігімен баурап алатын елордам, сүйікті Нұр-Сұлтан, туған күнің құтты болсын! Тамсандырудан, таңғалдырудан таңдай қақтырып, тәнті етуден шаршама!

**Айяжан ТІЛЕК,**
**Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕГЕН ФЕСТИВАЛЬ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегендей, қос ішекті ұлттық аспабымыздың көңіл жібін есіп, құлақ құрышын қандырар күмбірлі күйлерімен басталған фестиваль мың бұрала билеген талдырмаш бишілер өнерімен жалғасты. Одан әрі ұлттық дәстүр-ғұрпымызды дәріптейтін қойылымдар сахналанып, әртістер ұжымы жиналған жұртшылықты өз өнерлерімен тәнті етті. Одан соң арнайы дайындалған этноауыл шетінде халқымыздың ұлттық ойындары насихатталды. Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, садақ ату сынды ұлттық спорттық ойындар ойналып, жеңімпаздар анықталды.

Алтыбақан басына жиылған қыз-жігіттер де әннен шашу шашып, өзара жарыс ұйымдастырды.

– Өнердің кенішіне айналған Жезқазған жерінде осындай этнофестивальдің ұйымдастырылуы өте дұрыс шешім деп білемін. Бүгінгі шараның ата-бабаларымыздан қалған ұлттық мұраларымыз бен қанымызға сіңген құндылықтарымызды дәріптеуде маңызы зор. Осындай салт-дәстүрлерімізді, ұлттық ойындарымызды, ән-жырларымыздан мүлде бейхабар тұрғындарымыз, әсіресе, олардың қатарында жастардың санының молдығы рас. Бүгінгі іс-шара оларға тарихқа үңіліп, өткенімізге көз тастауға, бай мәдениетімізбен танысуға мүмкіндік берері сөзсіз, – деді қала әкімі Қайрат Әбсаттаров фестивальде сөйлеген сөзінде.

Этнофестивальде жезқазғандықтар дайындаған «Кіші жібек жолы» театрландырылған көрінісін қойды. Атпен, түйемен саябақты аралаған ақсақал жиылған жұртшылыққа батасын берді. Ал әжелеріміз «Олжа басы» дәстүрін паш етті. Одан әрі сахналанған «Ашамайға мінгізу» дәстүрі де көпшілікті тәнті етті. Ақындар айтысы ұйымдастырылып, қолдарынан өнер тамған шеберлердің көрмесі ұйымдастырылды. Ағаштан, металдан, сүйектен дайындалған қолөнер бұйымдары да қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

«Сарыарқаның көшпелі мәдениеті» атты этнофестивалі екі ай ішінде Қарағанды облысының барлық аудандарын аралап шығуды мақсат етіп отыр.





*«Заманына қарай адамы» десек те, салтын сақтаған қалпын сақтайтыны сөзсіз. Бұл сөзімізге ұлт көшбасшысы Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды» деген пікірі де тұздық болары анық. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын кеңінен насихаттауда Жезқазған тарихи-археологиялық музейі көптеген іргелі істерге ұйытқы болып келеді. Соның бір парасы – «Білеуті» этноауылының ашылуы. Аталған бағдарламаның «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында жүзеге асқан этноауыл музей ұжымы және «Көбес-Өтеу» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ұйымдастырылды.*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ЭТНОАУЫЛ АШЫЛДЫ

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді мақсат еткен шараның тұсаукесер рәсімінде еңбек ардагерлері Есенкелді Саринов, Күнтуған Тақанұлы, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова сөз алып, шараның ұйымдастырылу мақсат, міндетімен таныстырды.

– Біз ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейде де дәріптей аламыз. Біздің киген киімімізден, ішкен тамағымызға, қолданған әрбр бұйымымызға дүниежүзі халықтары таңданыспен қызыға көз тастайды. Данышпан ата-бабаларымыз оларға кейін жеткен тұрмыстық заттарды ерте кезден-ақ ойлап шығарып, қолданысына енгізген. Атқа мінуді ойлап тапқан көшпелілер мәдениеті, оның ішінде қазақ халқының өмір сүру дағдысы, табиғатпен үндесе тіршілік кешуі, барлық пайдалыны ертеден-ақ білуі, тұтынуы, үлкенді Құдайдай сыйлап құрметтеуі, кішіге барынша ізет көрсетіп, қамқор болуы көпке үлгі болары даусыз. Біз, музей ұжымы, осындай мол мұрамызды дәріптер айтулы шараға тамшыдай болса да үлесімізді



қосқанымызды мақтан етеміз, – деді шарада сөз алған Раушан Қапарова ақсақалдармен бірге тұсаукесер рәсімінің лентасын қиды.

Ақын, жыршы Мұханбет Бекмағанбетұлы арнау өлеңін оқып, көпшілікті қара сөзде шеберлігімен сүйсінтті.

Шараға қатысқан шеберлер жиылған жұртшылыққа этнографиялық жәдігерлер көрмесін таныстырып, «Ши тоқу», «Киіз басу», «Құрақ көрпе құрау», «Бауырсақ пісіру», «Құрт жаю» шеберлік сабақтарын көрсетті.

Одан әрі көрермендерге ұлттық ойындарымыз таныстырылып, асық ату бойынша музей қызметкері Бейсенбай Ержігітов, садақ ату жөнінде бапкер Мейірімхан Ералиев шеберлік сабақтарын көрсетіп, толық мағлұмат берді.

Шара «Ауыл кеші көңілді» атты мерекелік концертпен қорытындыланды.

**Ай СҮГІР**

САКРАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН

# АЛАША ХАН: АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА



(Соңы. Басы 1-бетте)

## АЛАША ХАН ОРДАСЫ

Ұлытау өңірінде Қаратал өзенінің оң жағасында Алаша хан Ордасы деп аталатын қалашықтың орны табылғандығы белгілі. Археологтардың пайымдауынша қамалдың биіктігі 2-4 метрді құраған, ал қорғаныс дуалының бұрыштарында биіктігі 8 метр, диаметрі 20 метр болатын мұнараның орны сақталған. Сонымен қатар дуал ені 4-5 метр, тереңдігі 4 метр болатын ормен қоршалған.

Белгілі археолог Әлкей Марғұлан Алаша хан Ордасының XII-XIII ғасырға тиесілі және оның Алаша хан кесенесімен тығыз байланысты екендігін атап өткен. **Шыңғыс ханның осы кезеңде өмір сүргендігін ескерсек, біздің болжамымыздың да ақиқатқа жақындайтындығын байқауымызға болады.**

## ЖОШЫ ХАННЫҢ КЕСЕНЕСІ

Қасиетті Ұлытау төрінде Қаракеңгір өзенінің жағасында Жошы ханның кесенесі орналасқан. Жошы (1187-1227) – Шыңғыс ханның төрт ұлының ішіндегі үлкені. Ол өзін шебер қолбасшы, даңқты билеуші ретінде көрсете білді. Шыңғыс хан өзі бағындырған ұланғайыр өлкені төрт ұлы арасында бөліске салғанда Жошыға бүкіл Дешті Қыпшақ аймағын береді. Деректер бойынша Жошы хан 1227 жылы Ұлытауда аңшылықта жүргенде қайтыс болған. Дүниеден өткеннен кейін оған арналып кесене салынған.

## АЛАШ – ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

Жошы хан кесенесіне жақын жерде «Алаша ханның кесенесі» орналасқан. Ұлытау төріндегі осы кесененің бірбіріне жақын орналасуы кездейсоқ емес.

Қазақ халқы үшін «Алаш» сөзі қастерлі, киелі ұғым болып табылуы да бекер емес.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шыңғыс Уәлиханұлының бірнеше қайта жаздырылып алып, кейін 1905 жылы Петербург университетінің профессоры П. М. Мелиоранский жарыққа шығарған «Ер Едіге»( Издал проф. П.М. Мелиоранский. – СПб.: Типолитография И. Боранского и Ко, 1905. – 60 с.; 26х17,5 см.) атты еңбегін еске алайықшы.

*Алаш алаш болғанда,*
*Алаша хан болғанда,*
*Қазақ-қалмақ, ноғайлар*
*Бәрі сонда бір болған.*
*Ынтымағы жарасып,*
*Айдын көлдей дүр болған…*

деген сияқты көне өлеңдер, тегінде Алаша хан деп ел аузы атақты Шыңғыс ханды айтып жүруі де мүмкін» деген дұрыс жорамал жасалады. Едіге жайындағы жыр ағылшын тіліне аударылып,1842 жылы Лондонда шыққан «Парсының халық поэзиясы» (*Chodzko A. Speimens of the Populer of Persia.London. 1842.)* деген атпен кітап болып жарыққа шығады. Ал, эпостың Едіге, Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Нұраддин сияқты басты кейіпкерлері дүниежүзіне танымал тұлғалар.

Сөйтіп, ең алдымен Алаша ханның тарихи тұлғасын анықтау өте маңызды. Бұл әлем жұртын бірнеше ғасырдан мазалап келе жатқан мәселе!

Алаша ханға қатысты алғаш рет жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізген белгілі қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов қана «Қазақ шежіресінде» «Алаша біресе хан, біресе қария бейнесінде кездесе береді» деп жазған.

Бұдан басқа кешенді зерттеулер жүргізілген емес. Әртүрлі алыпқашпа әңгіменің жетегіне ерсек, оны біреу ала болған, біреу аласа болған дейді. Қысқасы, негізі жоқ пайымдар.

Ал, өз заманының данышпандары Қадырғали Жалайыр (1530-1605 жж) («Шежірелер жинағы») мен Әбілғазы Бахадүр (1603-1644 жж.) («Түрік шежіресі») әйгілі Шыңғыс ханның өмірін зерттей келе оның ежелгі түрік тайпаларынан шыққандығын жазған. Қазақтың ұлы ойшылы, тарихшы Мәшһүр Жүсіп: «Алаша ханның Жошы хан деген баласы болыпты. Құлан қуамын деп, қаза болған», – деген дерек келтіреді.

Алаша хан мен Шыңғыс ханды бір адам деп санайтын пікірді қолдайтындар көп. Сол себепті әлемдік деңгейдегі тарихшы-ғалымдарды тарта отырып, талай ғасырдан жұмбақ болып келе жатқан сұрақтың жауабын беретін уақыт жетті.

Немесе әйгілі Жошы ханның қасына жай адамға арнап үлкен кесене салынуы мүмкін бе?

Ендігі кезекте Жошы хан мен Алаша ханның кесенелерін салыстыра келе төмендегідей ерекшеліктерді байқауымызға болады:

**Біріншіден**, Жошыдан мәртебесі биік, еңселі кесенеде жатқан кім болуы мүмкін? Рас, тарихи уақыт тұрғысынан алғанда ең алдымен Жошы ханға, кейін «Алаша ханға» арнап кесене тұрғызылған. Мұның себебін 1227 жылы Жошы ханның әкесінен бұрын қаза табуымен байланыстыруға болады. Шыңғыс хан тұңғыш ұлына арнап үлкен кесене салуға әмір берген.

**Екіншіден**, Алаша ханның кесенесі көлемі жағынан алғанда Жошы ханның кесенесінен үлкен етіп салынған. Алаша ханның кесенесінің көлемі 9,73×11,9 метрді, күмбезін қоса алғандағы биіктігі 10 метрді құраса, Жошы хан кесенесінің көлемі 9,55×7,25 метр, биіктігі 7 метр болады. Сонда ешкімге беймәлім Алаша ханның мәртебесі мен әлеуметтік рөлі Жошы ханнан жоғары болғаны ма? Демек, бұл арада Шыңғыс ханның Ұлы билеушілік, әрі әкелік рөлі басты назарға алынса керек.

Алаша хан кесенесінің әрі әсем, әрі берік болуы айрықша жобасы мен архитектуралық бітіміне байланысты. Төрт қабырға, сегіз қыры, он алты қырлы барабаны, таспен өрілген күмбезі мазарға ерекше көрік беріп тұрады. Кесененің кірпіштері құбылта қаланған және жұлдызша, үшкіл, қиықша, таңдай секілді өрнектер салынған. Кейбір кірпіштердің бетіне және бүйіріне күллі түркі халықтарының РУ ТАҢБАЛАРЫ басылған. Бұл да кездейсоқ емес. Дешті Қыпшақ ұрпақтарының таңбасы көп халықты, көп ғалымды қызықтырғаны мәлім. Бірақ, **ҚАҢЛЫ, ҚЫПШАҚ, НАЙМАН, ҚОҢЫРАТ, КЕРЕЙ, НОҒАЙ** және басқа да рулардың таңбалары бір жерде тасқа қашалуы ел бірлігі мен ынтымағын жарастырған Ұлы қолбасшылары басындағы **АРНАЙЫ БЕЛГІ** болса керек!



**Үшіншіден**, Алаша ханның кесенесіне кірген кезде маңдайшаға арнайы салынған **бөрінің іздерін** анық байқаймыз. «Алаша» деген сөздің өзі «бөрі» деген мағынаны береді. Бұл Шыңғыс ханның арғы тегі түркілер екендігін көрсетсе керек. **Өйткені ежелгі түркілер өздерін Көк Бөрінің ұрпағымыз деп санап, соған табынды. Түркі қағанаты тұсында сарбаздардың өз байрақтарына Көк Бөріні бейнелегендігі тарихи ақиқат**. Бұл қасиетті ұғым кейін қазақ халқына да берілген болатын. Атақты ақын-ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыров 1917 жылы жазған «Алаш ұраны» атты өлеңінде:

*«Алаш» туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз,*
*Енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз.*
*Өлер жерден кеттік біз,*
*бұл заманға жеттік біз.*
*Жасайды Алаш, өлмейміз,*
*жасасын «Алаш» жасасын!* – деп жырлауы да тегін емес.

Ал, Ұлы дала ақыны Сүйінбай Аронұлының:

*«Бөрілі менің байрағым,*
*Бөрілі байрақ көтерсе,*
*Қозады қай-қайдағым»*, – деген жыр жолдары есімізге түскенде, Көкбөрінің ұрпағы екенімізді айрықша мақтан тұтамыз! Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Ал түркілер қазақ халқының арғы ата-бабалары болып табылады. Сондықтан тарихи тұрғыдан алғанда Көк бөріге деген сенім қазақ халқына қоса берілді. Қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді «Көк бөріге» теңеп көркем шығармаларда бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелейді.

*Сонымен қатар ежелгі түркі аңызында бір халықтың жаугершілік заманда тұтастай қырылғандығы, қол-аяғы шабылған, ажалдан аман қалған 10 жасар баланы Көк бөрінің асырап алғандығы, кейін олардан түркі халқының пайда болғандығы айтылады. Сондықтан түркілер үшін Көк бөрі асыл Ананың символы болып табылады.*

1917 жылы қазақ зиялылары жаңадан тәуелсіз қазақ мемлекетін құрып, оның атын Алаш Орда деп атауында да үлкен мән жатыр. Бұл арада «Алаш» – біріккен түркі халықтарының атауы, әрі ұран болса, «Орда» – мемлекет деген мағынада.

Сондықтан да, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сияқты қазақ зиялылары Алаш ұғымын ерекше қастерледі.

**Төртіншіден**, Алаша ханның мазарында Қазақ жеріндегі Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи және тағы да басқа кесенелерде ғана емес, сонымен қатар тұтастай Орта Азияда кездеспейтін ерекше баспалдақтар салынған.

Мәселен, Өзбекстандағы **Саманидтер** (X-XI ғғ), **Сұлтан Саадат** (XI-XIV ғғ), Қырғызстандағы Қарахандықтардың **Үзген** (XII), **Манас батыр** күмбезі (XIV ғ.), Түркменстандағы **Хорезмшах Текеш** (XII ғ.), **Иль Арслан** (XI ғ.), Тәжікстандағы **Шейх Муслихиддин** (XII ғ.), **Мухаммад Башоро** (XII-XIV ғғ.) кесенелерінде мұндай артықшылықтар жоқ.

Алаша хан мазарындағы мұндай баспалдақтар күмбездік екінші қабатқа (барабан галереясына), одан әрі қарай көтерілсе кесененің үстіңгі бөлігіндегі алаңға (смотровая площадка) алып барады. Алаңның үстінен қарағанда айнала түгел көрініп тұрады. Ал, кесененің бойница үлгісіндегі терезелері жаумен шайқаста садақ тартуға, мылтықпен атуға және өзге де соғыс құралдарын тиімді пайдалануға үлкен мүмкіндік берген.

Осылайша бұл деректер Алаша хан кесененің жауынгерлер тарапынан ерекше қорғалғандығы жөнінде болжам жасаудың қиындығы жоқ. Яғни бұл зират аяқасты болмасын, қорланбасын деген ниетпен, әрі қорғаныс орны болған!

Иә, шешімін қажет ететін жұмбақ көп! Сонымен, **Алаша хан мазары** Шыңғысханға тиесілі ме, жоқ па? Сондықтан, халықаралық қоғамдастыққа, әлемнің әйгілі ғалымдарына көпшілікті мазалап жүрген көптеген сауалға жауап беретін уақыт жетті деген үндеумен шығып отырмын!

Осылайша бұл деректер Алаша хан кесененің жауынгерлер тарапынан ерекше қорғалғандығы жөнінде болжам жасауға мүмкіндік береді. Мұндай қорғаныс әрі қамал тәрізді кесенелер дүние жүзінде сирек кездесетінін ескерсек, бәлкім тек ұлы қолбасшыларға арнайы салынса керек.

## СӨЗ СОҢЫ

Жоғарыда айтылған мәліметтерді зерделей отырып көптеген сұрақтарға тап боламыз.

Ұлытау өңірінде орналасқан АЛАША ХАННЫҢ КЕСЕНЕСІ КІМГЕ ТИЕСІЛІ?

Бұл қасиетті жерде әйгілі Шыңғыс ханның ұлы ЖОШЫНЫҢ, екінші әйелі ҚҰЛАН ХАНЫМНЫҢ, сенімді қызметкері ДОМБАУЫЛДЫҢ, немересі БОЛҒАН ХАНЫМНЫҢ жерленуі кездейсоқ дүние ме?

Қаратал өзенінің оң жағасында орналасқан, XIII ғасырда бой көтерген АЛАША ХАН ОРДАСЫ Шыңғыс хан империясының орталығы болуы мүмкін бе?

Бұл сұрақтарға дүниежүзі болып бірігіп, жауап табуымыз қажет.

**Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,**
**ҚР Ұлттық музейінің директоры,**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**өнертану докторы**




*Алаша хан кесенесіндегі Алаша хан кесенесінің үстіңгі баспалдақтар қабатындағы терезе*



*Еуропа қамалдарындағы баспалдақтар мен терезелер*



*Алаша хан кесенесінің маңдайшасында бейнеленген бөрінің ізі*






*Көне түріктің байрағы. VII-VIII ғ. М.В. Гореликтің реконструкциясы*

## 4 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

***Қазақ ұлттық өнер университетінің «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбайдың өмір жолының өрнектері Жезқазған өңірімен де тығыз байланысты. Ол Жезқазған музыка училищесінің түлегі. Бұдан әрі Қазақ ұлттық консерваториясын бітірген соң өзі түлеп ұшқан училищеде оқытушы болып еңбек етті. Күйші, өнертанушы ретінде ол халқымыздың асыл мұрасын жаңғыртып, насихаттауда орасан зор еңбек сіңіруде. Жанғалидың орындауындағы халық күйлері «Мәңгілік сарын», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты және басқа да антологияларға енген. Радионың алтын қорына жазылғандары да аз емес. Дәстүрлі музыка саласында танымал болған көптеген шәкірттерді тәрбиеледі.***

***Онға тарта күй жинақтарын, бірнеше методикалық оқу құралдарын жазды. Мәселен, оның 2007 жылы жарық көрген «Қазақтың шертпе күйлері» хрестоматиясынан бастап, күй өнерін зерттеп, зерделеген оннан аса оқу құралдары бүгінде өнер саласындағы білім ордаларында кеңінен қолданылуда. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Ұлы даланың көне сарындары» секілді көптеген отандық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысқан. ҚР «Мәдениет қайраткері», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерінің, ҚР Мемлекеттік стипендиясының бірнеше жылғы иегері. Қазақстан Конституциясына 25 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл мерекелік медальдарымен марапатталған. Өнер қайраткері биыл 60 жастың асуына шығып отыр. Ұлттық домбыра күні қарсаңында Жанғали Әлімханұлымен халқымыздың дәстүрлі күй өнері мен оның ерекшеліктері, күйшінің осы салаға қосқан үлестері, қазақтың қасиетті домбырасының құдіреті төңірегінде әңгіме өрбітудің сәті түскен еді.***



# ШЕРТПЕ КҮЙДІ ТӨРГЕ ШЫҒАРҒАН

### күйші, өнертанушы Жанғали ЖҮЗБАЙМЕН сыр-сұхбат

***– Жанғали Әлімханұлы, өзіңнің Қаратау қойнауындағы Созақта туып-өсіп Сүгір, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров секілді даңғайыр күйшілерден тәлім алғаныңа біршама қанықпыз. Сонымен қатар, өз әулеттеріңе де күй өнері қонған көрінеді. Әңгімені осыдан бастап, домбыраға қол созып, күй иіріміне алғаш бойлаған балалық шақтағы еліктеу мен талпыныстарды еске алып өтсек?***

– Қадірлі Әужеке, біріншіден, өзіме ежелден таныс «Сарыарқа» газеті атынан мені елеп-ескеріп, сұхбаттасуға ниет білдіргендеріңізге ризашылығымды білдіремін. Кейде ішкі дайындық болмаған соң сұхбаттан қашқақтайтын кездерім болады, енді оның әрқандай себептері бар. Ал, енді сіздің қолқалауыңыздың жөні мүлде бөлек. Жезқазғанның зиялы қауым ортасының жылуын көп көрдік, сол жылуды бойымызға жинақтап шығармашылық жолға сапар шектік. Сапарымыз жеміссіз емес.

Сауалыңызға байланысты айтар болсам, менің туып-өскен өлкем – Бетпақтың шөлі, сол бетпақты қақ жарып ағып жатқан Шу өзені, Қаратаудың теріскей беті. Бұл ел қобызшы Ықыластың, дала дәулескерлері – Сайдалы сары Тоқа мен Сармантай Дайрабайдың, Тама Сатыбалды мен Қоңырат Оңлыбайдың отаны. Осынау классиктердің өсіп-өнген, өнер көрсеткен, Арқа қазағының «жаз жайлаған, қыс қыстаған» киелі жері. Солардың тәлімін алған Сүгір Әліұлы еді. Ал, Сүгірдің шәкірттері Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров. Файзолла-төре Үрмізов секілді дәулескерлер де осы аймақтың тумалары. Мен жастайымнан осы кісілердің күйлерін жаныма жазып өстім. Жезқазған – менің анамның, әжемнің елі. Батыр бабамыз Қоңыр Жиембеттің сүйегі Ортау-Қызылтауда жатыр. Сондықтан Арқа мен Бетпақтың арасын жол қылып жиырма жасымда Жезқазғанға келуім көлденең көк аттының жолаушылап келуі емес еді. Мектепті бітіріп, әскерге барып келген соң Жезқазған музыка училищесіне оқуға түстім. Жасымнан әуес болған домбыраның, музыканың сырына кәсіби тұрғыда одан әрі бойлай түсуіме осыдан бастап жақсы мүмкіндік туды.

***– Иә, жігерге толы жастық шақтың біраз жылы Жезқазған жерінде өтті. Жезқазған музыкалық училищесінде оқытушы болып жүрген кездерің де есімізде. Шәкірт тәрбиелеумен қоса кенді өңірде өнердің өріс алуына да айтарлықтай үлес қостың. Күйші Алпысбай Тұрсынбеков, режиссер, өнер зерттеуші Қарасай сынды таланттармен қатар жүріп, бірге еңбек еттің. Олар туралы да айтарларың бар шығар? Сол уақытта, ұмытпасам 1989 жылы болуы керек, Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан алғашқы күйтабағыңның шығуы елеулі оқиға болып, өнер төңірегінде жүргендердің назарын айрықша аударғаны анық. Содан бергі жетістіктеріңе сырттай қанықпыз десек те, бәрін бірдей жете білмеуіміз де мүмкін. Елордаға қоныс аударғаннан кейінгі өсу жолдарың мен жеткен жетістіктеріңді өз аузыңнан естігенді жөн көріп отырмыз?***

– Жезқазғанға жолым түсе қалса, әуелі араласқан ағайынға, туыс-тумаға, үлкендерге сәлем беретін әдетім бар. Кейінгі уақыттарда көзкөрген жақсылардың саны сиреп бара жатқанын жиірек ойлайтын боп жүрмін. Былтырғы пандемияның сұрапылы да қаншама жақсыларды алып кетті. Өзіңіз айтқан күйші-педагогтар – Алпысбай Тұрсынбеков және Аманғали Ербозов өмірден тым ерте өтті. Кенжебек Назарқұлов пен Виталий Ким де бүгінде арамызда жоқ. Осы тұстастардан – Сағат Қошанов, Марат Шоқтаев, Азат Құрсабаев, Қарасай Сайжановтардың кенді өлке үшін сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Біз солардың шәкірттеріміз. Кейін әріптес болып, тәлімдерін алдық. Егер біздің тарапымыздан өнердегі мысқалдай бір жетістік болса, осы кісілердің арқасы екенін айту парызым. Арада біраз жылдар өтіпті, көзкөргендер болмаса Жезқазғандағы кейінгі жастар аудиториясы мені тани қоймайтын шығар. Сондықтан соларға да ақпарат болсын, өзім тарапынан жасалған бірер жұмысымды тізбелесем оқырман сөге қоймас.

Музыкалық училище бітірген соң 1985 жылы жолдамамен Жезқазған облыстық қуыршақ театрында үш жыл еңбек еттім. М.А.Койфман, Ш.Ұзақов, Д.В.Бурман сияқты білікті режиссерлардың спектакльдерін музыкамен көркемдеу жұмыстарына араластым. Мөрлібек Мұратбаев ағаның қолдауымен Т.Қалмағамбетов атындағы облыстық филармония жанынан тұңғыш рет фольклорлық ансамбль ашудың сәті маған түсті. Ансамбль солистері Жезқазғанның бұлбұлдары – Мара Есмұханова мен Дүйсен Кенжеев болды. Ансамбль репертуарына Тәттімбет, Тоқа күйлерімен қатар Ұлытау өңірінің байырғы күйшілері – Найман Байжігіт, Жұртшы Тайлақбай, Уәйіс сияқты күйшілердің сирек орындалатын туындылары кірген еді. Қазақстанның көптеген жеріне үлкен концерттерге шығып тұрдық. Жезді ауданынан құрылған «Көкейкесті» атты аспапты ұжымға көркемдік жетекші болдым. Ол Қазақстанның егемендігінің бір жылдық форумына, Ш.Қалдаяков атындағы ән байқауына қатысып «Халық ансамблі» атағын жеңіп алды. Мәдениет қайраткері Бәкір Қазығұлов ағаның басқаруымен Қожабай ақынның, Болман ақынның мерейтойларында ансамбль тамаша өнер көрсетіп, жақсылардың көзіне түсті. Әйгілі режиссер Жанат Хаджиевтің кезінде С.Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театрына бірнеше спектакльге музыка жаздым. Оның ішіндегі республикалық фестивальдардың арнайы жүлделеріне ие болғандары – М.Ахмановтың «Кетбұға», К.Ахметовтің «Ерте ояндым ойландым, жете алмадым» және «Лоторея немесе бақыттың бәсі қанша?» қойылымдары. Өзіңіз айтқандай күйтабақ жаздым, ол кезде Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан грампластинка шығару өте қиын болатын, бізге Алла сәтін салды. Жақсыкелді Сейілов, Ілия Жақанов, Марат Түсіпбеков, Қайырбек Садуақасов, Жағыпар Әлімханов, Ахмедия Есмұханов, Бота Ноғаева әндерін халық аспаптары оркестріне өңдеген кездерім болды.

Арнайы шақырту алған соң 2003 жылы Елордаға көштім. Содан бері Қазақ ұлттық өнер университетінде оқытушылық қызметте жүрмін. Күй өнерін зерттеп, біртаай еңбектер жаздым. Оқу құралы ретінде «Шертпе күйдің төрт мектебі», «Шертпе күй хрестоматиясының» екі жинағын, Генерал Асқаровтың күйлеріне арналған «Назқоңыр», Кетбұға бидің күй мұрасын қамтыған «Ақсақ құлан», Аққыз Ахметқызының күй мұрасына арналған «Мұңды қыз», Төлеген Момбековтің туындыларын зерделеген «Толғау», Орал Исатайұлы орындаған күйлерге байланысты «Мұң Қосбасар», Сүгір күйлерінің жинағын қамтып «Теріскей толғаулары» деген және басқа да кітаптарым жарық көрді. Бірталай өнер туындыларына редактор болдым. Осы биылғы жылы «Сауап» қоғамдық қорының демеушілігімен шыққан менің редакторлығыммен «Аманат» атты қазақ күйлерінің антологиясы жұртшылық қолына тиді. Антологияға қазақтың 500 күйі енді. Орындауымдағы күйлердің күйтабақтары әр жылдары шығып, өнер сүйер қауымның игілігіне айналғанына да ризамын.

***– Өнер салалары мен этнография туралы қалам тербеп, зерделі туындылар қалдырған қаламгер-ғалым Ақселеу ағамыздың «Күй-шежіре», «Қазақтың күй өнері» атты еңбектерінен кейінгі осы саладағы ауқымды зерттеулерді өзің талмай жалғастырып келесің. Жаңағы айтқан «Шертпе күйдің төрт мектебі» деген кітабыңның көтерер жүгінің аса салмақты екенін де сезгендейміз. Осы зерттеу еңбегіңде келтірген негізгі түйіндемелеріңе қысқаша тоқтала кетсең қайтеді?***

– Астанаға келген соң Кәкімбек Салықов, Ақселеу Сейдімбек ағаларыммен араластым. «Шертпе күйдің төрт мектебі» деген кітабымның жазылуына Ақселеу аға көп көмектесті. Шертпенің Арқа, Жетісу, Алтай, Қаратау деп аймақтарға жіктелетінін талдадым, оның ішінде күйшілік мектептердің аттары және олардың басында тұрған классиктердің шығармашылық бейнелерін зерделедім. Қысқасы бұл еңбек өз уақытында оқыту тәжірибесіне дөп келген әдебиет болды. Жазудағы мақсат – өзім көрген күйшілердің мұрасын кейінгіге жалғастыру, күйшілік қонған аймақтардың төлтума әуезін күйшіл қауымға баян ету болды. Бұл салада бірнеше хрестоматия және педагогикалық репертуарлар жазғам. Оқыту тәжірибесінде қолданыста бар. Сондай-ақ, отандық ғылыми журналдарда, мерзімдік баспасөздерде танымдық зерттеулерім мен өнер тұлғалары жайлы мақалаларым жарияланды.

***– Бүгінде Жанғали Жүзбайдың күйшілік мектебі бар деп айтуымызға бола ма? Бұл пікірді Сүгір Әліұлының көзін көрген белгілі ғалым, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің өзің туралы: «Мен Жанғалидың күй тартқанын көргенде, Сүгірді көргендей боламын. Сүгір де, Төлеген де кеудесімен тартатын еді. Домбыраны қолымен шертеді, кеудесімен сөйлеуші еді. Жанғали да осындай құдіретті күйші» деп үлкен баға беруіне байланысты айтып отырмын.***

– Менің күйшілік мәнерім, өз сарыным бар екені рас. Шәкірттерімнің де өнер саласындағы табыстары аз емес. Ал, енді «Жанғалидың күйшілік мектебі» деген сөз күпірлік болар. Мен тәлімін алған кешегі Мағауия Хамзин, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров, Дәулетбек Сәдуақасов, Орал Исатаевтарды, бүгінгі Мұхаметжан Тілеухановты «өзіндік мектеп қалыптастырған күйшілер» деп айтуға болады. Ал, енді мен туралы жақсы пікірлер, маған арналған әдемі өлеңдер бар, кейде соған мейманамыз тасып қуанып жүретінім рас. Атақты ақындарымыз - Ғазиз Ештанаев, Дәулеткерей Кәпұлы, Иманғазы Нұрахметұлы, Қалқаман Сариндердің қаламына іліккен домбырашымын деп мақтанатыным бар кейде, оңашада, кешкі шай үстінде.

***– Жәке, Кетбұға бидің күй мұрасын зерттеу шығармашылығыңа соны серпін берсе керек. «Кетбұға» күйі өмірге келген екен. Тағы басқа да авторлық шығармаларың бар шығар?***

– Сөз орайы келгесін айта кетейін, Кетбұға күйші туралы аңыздар мен күйлерді біріктіріп «Ақсақ құлан, Кетбұға бидің күй мұрасы»» деген кітап жазғам. Оның тұсаукесері Жезқазғанда өткенін өзіңіз білесіз. Артынан осы жинаққа енген күйлердің негізінде халықаралық күй конкурсы да дүркіреп өтті. Елордада, Жезқазғанда, Қызылордада Кетбұға мұрасына арналған ғылыми конференциялар болды. Осы игі шаралардың басында «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің президенті, этнограф Төлеген Бүкіров ағамыз жүрді, барша бастамаға жетекшілік етті. Ал, енді «Кетбұға» атты менің шығармам үш ішекті домбыраға арнайы жазылған. Кезінде режиссер М.Ахмановтың осы аттас спектакліне лейтмотив ретінде ұсынған едім. Ел құлағына әсерлі мелодия болса керек, кейін халық арасында тез тарап кетті. Оркестр орындады, конкурстарда орындала бастады. Менің тағы да басқа бірнеше авторлық күйлерім бар: Олар да радиодан ара-тұра естіліп жүр.

***– Домбыра үйренуге қатысты, күйшілікке байланысты оқулық құралдарын жазды деп естіген едік. Осы күні өзі білім ұяларында домбыра үйрену сабақтары жүре ме? Жалпы, әңгімемізді түйіндей келе, қазақтың қара домбырасының қасиеті, болашағы туралы тағы ортаға салар қандай ойларың бар?***

– Иә, жалпы білім беретін орта мектептің бағдарына сай домбыра оқулығын жаздым. Ол Халықаралық Түркі академиясының жобасы аясында жазылды және идея авторы академия президенті Дархан Қыдырәлі мырза болды. Бұйыртса мектеп жүктемесіне де енетін шығар деп үміттенеміз. Қазір жалпы домбыра аспабына елдің ықыласы алабөтен ерекше. Өнер сапарында жас толқындармен етене аралас жүремін. Дарынды жастар өте көп. Әрине, кейде күй тілін түсіну, күй табиғатын сақтау мәселелеріне келгенде іштей кейіңкіреп қалатыным бар. Ондайда: «Өмір бір орнында тұра ма? Өнер болған соң прогресс болуы заңдылық емес пе? Замана өткелінде құндылықтарымызға деген көзқарасымыз өзгереріне шара бар ма? Технократия дәуірінде қырық буын қосбасардың гөй-гөйін сақтау жастарға оңай соғады дейсіз бе? Зерделі, зейінді ұрпақ ата аманатына қиянат ете қоймас, мәңгілік сарынның болашақ иесі осылар ғой, әйтеуір ұлы өнер жандарына серік болсыншы» деп өзімді-өзім жұбатып та қоямын. Домбыраның эстрадаға қосылғанын қалай бермейтін мінезім сол қалпы, өзгерген жоқ. Өзгерте алмадым, енді өзгере де қоймас-ау. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы шығарған «Тәттімбет», «Мәди» деректі фильмдеріне сұхбатшы болғанда, немесе Париж, Брюссель қалаларындағы ұлттық өнер кештеріне қатысқанымда да халқымыздың осы төл өнерінің қадір-қасиетін жоғары ұстап, насихаттай білуді мақсат тұттым. Қазақ жүрген жерде – қасиетті қара домбыра бар. Ол ұлттық өнеріміздің ұлықтаушысы болып халқымызбен бірге мәңгі жасай беретіні сөзсіз.

Қасиетті Ұлытау-Жезқазған жұртшылығын және барша оқырманды «Домбыра күні» атты мемлекеттік мерекемізбен құттықтаймын. Ханның қазасын домбыраменен, перзенттің назасын қобыз тілімен естірткен ел аман болсын!

***– Қадірменді Жанғали Әлімханұлы, алтындай уақытыңды бөліп, сыр сабақтап, келелі әңгіме өрбіткеніңе көп рахмет. Асқаралы алпысың құтты болсын! Өнерің өрлей берсін, бауырым!***

**Амандық РАХҰЛЫ**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

### Қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы №32/292 «Қалалық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23.01.2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1 тармағы 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 29.09.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

Қалалық сайлау комиссиясының құрамына:
Алмагамбетов Руслан Жалгасбекович енгізілсін

**Сессия төрағасы А. КЕНЖЕБЕКОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы Ә. ДОСАНОВ**

### Қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы №32/293 «Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1 тармағы 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

**№210 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Бораш Мархаббат Айтмұханбетқызы
2. Оспанова Лаззат Турсынбаевна

**№211 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Мауленова Айгуль Абдурасиловна
2. Дузбаева Женискул Кыргызалиевна
3.Ускембекова Бағдат Жарылгаповна

**№212 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Алкулова Асель Бакытбековна

**№213 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Хильченко Дмитрий Игоревич

**№214 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Журинов Әлібек Сайлаубекұлы
2. Искакова Нурлихайым Нуркашевна
3. Сеилов Самат Максутович
4. Катшабаева Гульнар Сейлхановна
5. Таубаева Индира Ункеновна

**№215 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Кабулова Алтынай Файзуллаевна

**№216 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Ахмирова Малика Абдуалиевна

**№217 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Ситникова Светлана Анатольевна
2. Кубешев Диас Адилханович

**№218 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Есмагулов Бота Рахметович
2. Байконурова Гульнара Смагуловна
3. Бейсенов Максат Кайратович
4. Мамутова Гулшаим Амангельдиновна
5. Жартыбаева Анаркул Сериковна

**№219 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Есмагамбетов Руслан Жамбулович
2. Жетпісбай Төлепберген Ғалымжанұлы

**№220 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Мөшірап Ақжан Жұмашқызы
2. Сатыбалдина Динара Умыралиевна

**№221 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Токиров Азамат Смагулович

**№222 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Камбасова Есенкул Жанкараевна
2. Есеева Рымкуль Мухатаевна

**№223 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Жакенова Актолкын Абилкасимовна

**№224 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Аппазов Кобланды Таскинбаевич
2. Тилеубаева Галия Рахымбердиевна
3. Газизова Гульнара Копаровна
4. Абрезов Бекжан Абзалұлы
5. Аширбекова Жанна Кыздарбековна
6. Доспанова Тогжан Танатовна

**№225 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Ешжанов Бауыржан Конисбаевич

**№226 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Токаев Болат Конусович
2. Абсалыков Абылайхан Жузбайулы
3. Абжаппарова Гульназия Мусылманбековна
4. Бейсеналинова Меруерт Аубакировна

**№227 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Алжапбарова Набира Накыповна
2. Джанигизова Дана Ермуханбетовна
3. Наушарбан Мадияр Мүханбетқалиұлы

**№228 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Махамбетова Айгуль Идрисовна
2. Наймушина Валентина Викторовна
3. Касымбеков Алмат Жетпысбаевич

**№229 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Балкибаева Жумакуль Абдурасиловна
2. Сапарова Аяужан Еркінқызы
3. Саргелтай Марғұлан Мәлікұлы
4. Естаев Алғабас Айгабылович
5. Ергазинова Динара Мухамбетовна
6. Касымов Дархан Бакытович
7. Жарқынбек Назым Өсерханқызы
8. Жұртшыбаев Жалғас Жарқынұлы

**№230 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Есмағамбет Дина Қанатқызы
2. Жапабаева Салима Рымхановна
3. Арынова Макпал Алиповна

**№231 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Нуржанова Арайлы Канатбековна
2. Кошанов Марат Мухмедович

**№232 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Байыршаева Жазира Бекболатовна
2. Жалбыров Асхат Бодауович

**№234 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Есімханов Шыңғысхан Нұрбекұлы
2. Какимбек Нурпат Ардакович
3. Шилдебаева Ай-Шолпан Омирсериковна
4. Исаева Гулдара Серикбаевна

**№235 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Мухтарова Айдана Торкабаевна
2. Абдрахманов Ахан Абдильгафарович

**№237 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Сызанова Асель Хамзеновна
2. Телгараев Асылбек Бухарбаевич

**№238 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамына**
1. Батыршай Айгерім Құлжабайқызы енгізілсін

**Сессия төрағасы А. КЕНЖЕБЕКОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы Ә. ДОСАНОВ**

# ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

***Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасы құпиясының сақталуына, ар-намысы мен абыройының қорғалуына кепілдік береді.***

Тәуелсіздікке ие болған уақыттан бергі біріздіілікпен жүргізілген реформалардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының ең жоғары құндылығы адам және оның құқықтары, бостандықтары заңмен қорғалатын мүдделері деп танылған, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып қалыптасқаны ақиқат. Соған сәйкес, біздің тәуелсіз республикамызда қылмыстық әлемнен, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаушылармен күресуге аса назар аударылуда. Елімізде болып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтардың сан алуан түрлі болып келетіні де бүгінгі күннің жаңалығы емес, сондай-ақ оның ішінде отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың азаймауы тек сот билігі, құқық қорғау органдарын ғана емес, әрбір саналы азаматты ойландырмай қоймайтындығы белгілі. Осыған сәйкес заңдылықтың қандай да бір бұзылғанына, құқық бұзушының ортаға, қоғамға қарсы жасаған әрбір заңсыз әрекетіне көз жұма қарауға болмайды.

Өкінішке орай, отбасы–тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік істер жиі кездеседі. Осы аталған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға ретінде, субъектілері болып ерлі-зайыптылар, ата-аналар және балалар табылады. Көптеген жағдайларда жәбірленуші қатарында әйел заты және балалар болып табылады Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялады. Мемлекет үшін ана мен баланы қорғау ерекше мәселе екенін атап айтты. Әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды. Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес.

Егер де құқық бұзушылық жасаған тұлғаға кінәлі деп танылған жағдайда әкімшілік жаза қолданады. Әкімшілік жаза дегеніміз – әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Ол әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заң талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, құқық бұзушының, басқа адамдардың жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Отбасы шағын мемлекет болғандықтан, әр отбасында татулық, береке-бірлік, өзара келісім жарасым тапқан жағдайда отбасы тұрмыстық қатынастар саласындағы қаралатын әкімшілік құқық бұзушылық істердің азаяры сөзсіз. Егеменді, бейбітшілік елде өмір сүріп жатқан адал да еңбекқор азаматтарымызға өндірісте болсын, үйде болсын кішіпейілділік жарасымды, алайда арамызда отбасы – тұрмыстық қатынаста тәкаппарлыққа бой ұрған бірен-саран болса да кездесіп қалады.

Отбасы – мемлекеттің негізгі буыны дейді. Отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты сіңіретін тәрбие ошағы. Сондықтан өз басым әр адамзат адам баласының түп қазығы, алтын ұясы ол – отбасы екенін толық сезінуі қажет деп есептеймін.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы қаралатын әкімшілік құқық бұзушылық істердің азаюына баршамыз бір қолдан жең, бір жағадан бас шығарып, құқық бұзушылыққа, жауапсыздыққа, шымбайға батып бара жатқан түрлі «шылықтарға» қарсы күресейік, ағайын!

**Айжан НҰРМАНОВА,**
**Жезқазған қаласы ПБ ЖПҚБ-нің ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция капитаны**

ЗЕРДЕ

# ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕН

***тектілердің тұяғы Әбдібек АЛТАЙБЕКТОВТІ еске алу***



Бүгінгі әңгімемді марқұм **Әбдібек Тұрсынбайұлы АЛТАЙБЕКОВТІҢ** рухына арнап отырмын. Бұл кісі маған құдай қосқан құда ғана емес, біраз жылдан білетін сыралғы дос-жар адам еді. Өлшеулі ғұмырында елге болсын деп тыным таппаған, ауылшаруашылығының майталманы былтырғы шілденің 11-ші жұлдызында 64 жасында дүниеден озды. Ақ жүрек, аққөйлек азамат еді. Жүректен кетті.

Әбдібекті бала кезінен білетін едім. Қатарының алды болды.

Шаруаға пысық, бетті еді, – дейді сол кездері бұрынғы Жезді аудандық партия комитетінде хатшы болған, еңбек ардагері Балтабай Малдыбаев. – Ол кездегі оқушылар жаздай жұмыс істеп, үлкендерге болысатын еді ғой. Міне, жоғары сынып оқушыларын қой қораларын жөндеуге, жем-шөп әзірлеуге Әбдібек бастап баратын. Біз онымен бөлімшенің жетекшісіндей деңгейде сөйлесетін едік. Оның бүкпесіз ойынан, іскерлігінен үлкен үміт күттік. Нәтижесінде, мектеп бітірсімен 1973 жылы XXIII партсъезд атындағы кеңшар комсомол комитетінің хатшылығына сайланды.

Әбдібек әскери борышын да ойдағыдай атқара білді. Оның талабы, ұйымдастырушылық қабілеті, бірнеше мәрте аталып өтті. Соның бірі, Ұлытау-Жезқазған аймағына аты мәшһүр, атақты шопан, ел ішінде датқа аталып кеткен Тұрсынбай әкесі мен, қазаны күндіз-түні оттан түспеген Бикен анасына алыстан келген Алғыс хат еді. Алтындай ұл өсіргендері үшін әскери бөлімнің командирі ақжарылқап тілегін ақтарыпты.

Әскерден «старшина» шенінде аман-есен оралған Әбдібек бірден қызметке араласады. Әуелі, бір жылдай Жезді аудандық Тұтыну қоғамына қарасты, Жетіқоңыр сауда бірлестігінде аға есепші, кейін КПСС XXIII съезі атындағы кеңшары №5 қой фермасына есепші болып ауысады. Ақтылы қой өргізіп, елге еңбегі сіңген ата-ана жолы Әбекеңді де айналып өтпейді. Ол бұрынғы Жезқазған облысын ауылшаруашылығы мамандарымен қамтамасыз еткен, Жезқазған совхоз техникумына түсіп, «Зоотехник» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Содан бері, Әбдібек Алтайбеков халқына қалтқысыз қызмет етті. Жетіқоңыр кеңшарына қарасты №1 фермаға зоотехник, кейінірек басқарушысы болып тағайындалды. Кеңшар бойынша мал тұқымын асылдандыру кезінде аға зоотехник болып, жемісті еңбек етті. Осы ауылдың №4 фермасына басқарушы болып барды. Сол жылдары ол басқарған фермалар әр 100 аналықтан 108-ге дейін қозы алды. Бір қойдан 3 кг жүн қырқылды. Етке өткізілген қойдың салмағы 57-60 кг, қозы 43-45 кг тартты. Еңбектен қол үзбей жүріп, жоғары білім алды.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін, басқа салалармен қатар, ауылшаруашылығы да біраз өзгерістерді бастан өткерді. Кеңшарлар таратылды. Жаңаша басқару, ұйымдастыру мәселелері күн тәртібіне қойылды. Бұрын мемлекет жоспарымен жұмыс істейтін ауылдар иесіз қалғандай күй кешті. Осы кезде бұрынғы кеңшарлардың орнына бірлестіктер құрыла бастады. Ауыл халқы абыржып қалғанымен іскер азаматтар аз емес еді. Сөйтіп, Жетіқоңыр ауылшаруашылығы ұжымдық бірлестігінң төрағасы болып Әбдібек Алтайбеков басым дауыспен сайланды. Бұл қызметті бес жылдан астам абыроймен атқарған Әбекең ауылын жүдеткен жоқ. Шаруашылықты қожыратпай, елдің жағдайын жасады. Осы арада Жезді аудандық мәслихатының I-ші шақырылымының депутаты болып сайланғаны бар. Қоғамдық жұмыста да белсенділік танытқан Әбдібек Тұрсынбайұлы әлеуметтік мәселелерді барынша көтеріп, ауылдастарының алғысына бөленді.

Әбдібекті оқушы кезінен білетін едім, – дейді Бәкір Қазығұлов, еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, аудан басшыларының бірі болып ұзақ жылдар қызмет істеген ағамыз. – Өсу жолы күні кешегідей көз алдымда. Қайда салсаң да қайтпайтын жігерлі жігіт еді. Қазақтың қылшық жүнді, құйрықты қой өсіру шаруашылықтары арасында талай республика бойынша рекордтық көрсеткіштер жасаған басшы. Осындай ерен еңбегінің арқасында сый-сияпаттардан да кенде емес. Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі Президиумының, бұрынғы одақтың министрліктер мен комитеттердің Құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталды.

1997 жылы қараша айының басында Әбекең Мибұлақ ауылының әкімі болып тағайындалды. Бірден ауыл ішін тазалатып, күл-қоқыстан арылтты. Ауыл ақсақалдарымен, азаматтарымен кеңесе отырып мектептің, клубтың жағдайына назар аударды. Жарықпен, отынмен, телефон байланысымен қамтамасыз ету шараларын жолға қойды.

Республикаға еңбегі сіңген әнші Ғалым Мұхамедин айтады: «Жасыратыны жоқ, ауылдардың шаршаңқыраған кезі еді ғой. Өнер адамдары да жүдеген шақ. Сондайда, Әбекең «Ау, Ғалеке, ауылға келіп ән салып кетсеңдерші», – деп телефон шалатын. Жетіп барып, аунап-қунап қайтатынбыз. Елдің де көңілі көтеріліп қалатын. Әбекең Жетіқоңырды, Тәжі, Құрақтыкөлді (қазір Қарақойын аталады) аралатып шығарып салатын. «Менің кіндік қаным тамған жер – осы. Қасиетіңнен айналайын», – деп толқып та кететін.

Әбекең шаруашылық маманы ғана емес, ұлт мәдениетінің жанашыры, салт-дәстүрдің білгірі еді. Классик жазушылардың ойлы оқырманы еді. Қазақ батырлары, хандары туралы көп білетін. Әкім болып тұрған кезінде, наурыз мейрамын жоғары деңгейде өткізуге барын салды. Фермерлердің басын қосып, ауыл маңына ақбоз үйлер тіккізетін. Көкпар беріп, жігіттердің жігерін жанитын. Бала-шаға ән салып, би билеп, асық атып жетісіп қалатын. Боз бие шалып, қымыз сапыртып, жұртын мәре-сәре ететін. Батагөй ақсақалдар мен ақжаулықты аналардың алғысын алған ер еді Әбдібек...

Жезқазған – Ұлытау өңірі жақсы білетін Құрметті азамат Асқар Ермекбайұлы Әбдібек інісі аяқасты өмірден өткенде екі көзіне ерік беріп, қатты қайғырған еді.

– Тұрсынбайды бүкіл елі сыйлаған ағайын-туыс түгілі Қарағанды облысы құрмет тұтқан атақты адам еді. Кез келген дауды бір-ақ ауыз сөзімен шешіп, жақсыны жадыратып, тентекті тезге салатын. Ел де айтқанын екі етпейтін. Мына Әбдібек сол Тұрсекеңнің ұлдан тұңғышы еді. Ал, Тұрсынбайдың әкесі Алтайбек қандай еді. Бауырмалдығы елде жоқ, қасиетті кісі еді. Бізге қараған ағайын сол кісіні ерекше сыйлайтын.

Бірде әкем Ермекбай Алтайбек ағасына сәлем бере барған екен. Ас ішіліп, әңгіме дүкен аяқтала бере Алтекең:

– Мынау ұлдан тұңғыш немерем. Осыны мінгестіріп ала кет. Асқар жалғыз ғой, – депті.

Біз ол кезде Қарақұдық деген жерде қой бағамыз. Қазіргі Құмкөл станциясының маңайы. Сөйткен Әбдібегім, менің туған інімдей болып, біраз уақыт соңыма ерген еді... Бауырымның тәуірі еді... – деп есіне алады Асқар Ермекбайұлы. – Сол кездегі әкелердің бірлігі, татулығы, ағайын-туыстың тұтастығы ертегідей болып барады. Әйтпесе, ұлдан жалғыз немересін Алтайбек бізге қияр ма еді. Бір күн көзінен таса қылар ма еді...

Әбдібек Тұрсынбайұлы ақтық сапарға аттанғанда еліміздің түпкір-түпкірінен жақсы-жайсаңдар ағылды. Аза тұтып, жақындарының жанында болды. Қайғысын бөлісті. Содан бері бір жыл өтіпті.

Не дейміз. Жақсы әкенің, айтулы азаматтың артында ақыл-кеңесін, тәлімді тәрбиесін жүректеріне түйіп өскен ұл-қыздары, адал жары – Құралай қалды. Сағыныштары сағымға айналған бауырлары, апа-қарындастары қалды. Ерін ұмытпайтын елі қалды.

Тәубе қылайық. Дұға бағыштайық. Әбекеңнің әруағы риза болсын...

**Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

# ӨМІР ДЕГЕНІҢ БІР КҮНДІК СӘУЛЕ ЕКЕН ҒОЙ...



Ақын Мұқағали Мақатаевтың осы өлең жолдарын сонау алпысыншы жылдары оқыған едім. Оның терең мағынасын, философиясын отағасым, жан-жарым Өмірзақ Едігеұлы тілдеспей-қоштаспай дүниеден бақилыққа аттанып кеткен соң білген сияқтымын. Алғашқыда көңіл шіркін келіп қалар деп есіке қарап елеңдеп отырса, күндер өтіп, айлар жылжыған соң, жылға таянған шақта оның асыл бейнесі сәулеге бөленіп, көз алдыма келеді.

Мектепте мұғалім едім. Өзім алғаш кездескенде агроном жігіт көңілі кең, мінезі жұмсақ, ақпейіл, асыл азамат сияқты көрінген еді. Жаңылыспаған екенмін. Отау көтеріп, шуақты шаңырақ астында 52 жыл тату-тәтті өмір сүрдік. Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының күндізгі аспирантурасында оқығанда үш жыл Алматыда тұрдық, пәтер жалдадық, қосымша жұмыс істедік. Кейде аспиранттың шағын стипендиясы, тапқанымыз жетпей, қиналып қалған кездеріміз де болды. Қашан да мен сүйеу болдым.

Батыстың бір ғұламасының «ғалым – уақытының бәрін жұмыспен өлтіретін жалқау» деген тұжырымы Өмірзаққа арналғандай. Ол қыста институтта болады, ғылыми кітапханада отырады, түннің біруағына дейін электр шамды үстелінің үстіне түсіріп қойып, жазып-сызады. Алты ай жаз Павлодар облысының Ертіс ауданының шаруашылығында өзінің тәжірибе телімінде жүгері өсірудің әртүрлі технологиясын сынақтан өткізді. Нәтижесінде институттың ғылыми кеңесінде еңбегіне жоғары баға алды. Бірауыздан «ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты» атағын берді. Содан бері өмірі ғылымға арналды, ауыл шаруашылығын химияландыру жобалау-зерттеу мекемесінде, облыстың ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында директор, облыстық агроөнеркәсіптік комитеті басшысының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары болды. Жаңадан ашылған Жезқазған облысында ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесі жемшөп шабындықтарын құнарландыру жанында ғылыми-өндірістік ұсыныстар дайындауға қатысты. Соңғы жылдары Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде өмірінің соңына дейін кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. Өмірзақ үнемі «қолынан келсе, кісіге жақсылық жасамаған – ол өмірде болмаған адам» деп айтып отырушы еді. Бастық кезінде басқарған кәсіпорнынан бөліп берсе, кейін мүмкіндігі болса, үйден қолғабысын ұсынатын. Үлкен-кішіге қарамай, хабарсыз кетсе, телефон соғып, тірлігін біліп, жылы сөзін білдіріп жататын. Әсіресе, ата-анасына, бауырларына, ағайын-туыстарына ерекше құрметі мен мейірімін айтқым келеді. Қайын атам Едіге абыз Ұлы Отан соғысында тобығынан қан кешкен майдангері болатын, кеудесі жарқырап орден-медальдар толып тұратын. Күні бойы қат-қабат жұмыстан уақыты артылмағанда айына 1-2 рет түнделетіп ауылымыз Алғабасқа барып қайтатынбыз. Балаларымыз жаз бойы ата-әжесінің қолында болады. «Бұл үлкен мектеп қой. Атасының іс-қарекетін көрсін, әңгімесін естісін, терінің иісін сіңірсін. Сонда ғана үлкен үйге, әулетке, замандастарына сүйіспеншілігі, бауырмалдығы, ілтипат сезімі пайда болады» дейтін-ді отағасым.

Өмірзақ қайын-жұртына, әсіресе әкеме, анама ойынан шығып, айрықша ұнады. Оның адамгершілігі, бекзат мінезі, сабырлылығы ұлт ұстазы Абайша айтсам, нағыз толық адамның өзі болатын. Жүрегі жылы, ақылды, қайратты азамат еді. Анам күйеу баласын өзінің ұлындай жақсы көретін. Құдайдың құлы, Мұхамедтің үмбеті, «адам түгіл – қара шыбынға зияны жоқ, жаратылысы бөлек, жан сарайы таза» адам ғой деп отыратын.

Мен Өмірзаққа кездестірген Аллаға мыңда бір ризашылығымды білдіріп, тәубамды аузымнан тастамаймын. Қызын қияға, ұлдарын ұяға қондырып кетті. Жауқазындай немерелері өсіп келеді. Олар – атасының өмірінің жалғасы. Кейде сөзі, кейде мінезі, кейде ісі ұқсап тұрады. Үйіші иесіне тартады деген осы шығар. Өмірзақтың топырағы торқа болсын, кәбірі иман нұрымен нұрлансын.

**Зайыбы Серікболат**
**ҚОЖАХМЕТҚЫЗЫ**

# ҚАЙСАР АЗАМАТ ЕДІ



2021 жылдың 22 маусымында 78 жасқа қараған шағында **Қыдырма Мұқышұлы РЫСБЕКОВ** дүниеден өтті.

Қыдырма Мұқышұлы 1943 жылы 18 қазанда Қарағанды облысы Қарсақбай ауданының Байқоңыр ауылында дүниеге келген. Қарсақбайда мектеп табалдырығын аттап, Рудник кентінде орта мектепті бітірген. Қарағанды политехникалық институтына түсіп, жолдамамен Алматы политехникалық институтына ауысып, оны тау-кен инженері мамандығы бойынша тәмамдағаннан кейін Жезқазған кен-байыту фабрикасында қондырғылар инженер-механигінен бастап, ғылыми жұмыстармен айналысып, басшылық қызметтерді де атқарған. Ленинград тау-кен ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқып, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленгеннен кейін Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында ( 1976) оқытушы, кафедра меңгерушісі, Жезқазған тау-кен технологиялық институты (1991) ректорының ғылыми істер жөніндегі проректоры қызметін атқарған. Осы кезде Қыдырма Мұқышұлы Қ.И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты мен институт аралық келісімшарт аясында ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқаруда айтарлықтай еңбек сіңірді, яғни екі жақты тиімділікке қол жеткізілді. Дегенмен де, аталған комбинаттың шетелдік басқаруға өткеннен кейін кеншілер еңбегін бағалау, техникалық қауіпсіздік, ғылыми жетістіктерді өндірісте игеру мәселелері бойынша қалыптасқан кереғар көзқарастарға Қыдырма Мұқышұлының көңілі толмай, қынжылыс білдіріп, жиындарда, ресми ақпарат беттерінде сыни пікірлерін, ұсыныстарын жасырмай айтып, жазған кездері аз болған жоқ. Осыдан да болар, ол кейінде Алматы көлік жолы коммуникациясы ғылыми-зерттеу институтының арнайы шақыруымен, проректорлықтан, Жезқазған-Арқалық темір жолы жобасын жасау жұмыс тобының жетекшісі қызметіне ойланбастан келісті. Бұл іс-шараның мемлекеттік бағдарлама өзгерістеріне сай, кейінге шегерілуіне байланысты Жезқазған-Бейнеу темір жолы бойынша аталған қызметін одан әрі жалғастырды және бүгінде игерілген бұл жол құрылысының Жезқазған өңірінің шаруашылық-экономикалық ерекшеліктеріне сай жүргізілуіне де оң ықпал ете алды. Бұл қызметтегі еңбегінің жоғары бағаланғаны да шығар, аталған ғылыми-зерттеу институты басшылығы Қыдырма Мұқышұлына зейнеткерлікке шыққаннан кейін арнайы стипендия тағайындады.

Қыдырма Мұқышұлы – қайсар, принципшіл, бірбеттілік мінезділігімен ерекшелене, Жезқазған өңірі тау-кен саласы жоғарғы оқу орнының қалыптасуына, өндірісінің дамуына сүбелі үлес қосқан ғалым-педагог-инженер.

Марқұмның отбасы, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын, жарқын бейнесі ұмытылмайды .

**Ө. ЖӘЛЕЛОВ,**
**Жезқазған политехникалық институтында кафедра меңгерушісі болған,**
**Қазақ педагогика ғылымдары академиясының корр. мүшесі,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор**
**К. САРХАНОВ,**
**Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының академигі,**
**ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы**

ЕСКЕ АЛУ

## Тамара Жамалашқызы МАХАЛОВА
**(руы – Кіші жүз Асанның Нұрбайы,**
**Қыпшақ Есенғұл Мұханбетрахым келіні,**
**Дүйсенбай зайыбы)**



Аяулы ана, асыл жар, ардақты бауыр, сүйікті келін **Тамара Жамалашқызы МАХАЛОВАНЫҢ** жарық дүниемен қоштасып, тал бесіктен жер бесікке мәңгілік бөленгеніне жыл болып қалыпты. Жайдары мінезімен кімді болмасын өзіне тарта білетін аяулы жан өз ортасында сыйлы еді.

Бауырымыз сыздап, жанымыз сағынулы. Алла мекенін пейіштен етсін дегеннен басқа шарасызбыз...

Бұл тірлікте жазмыштан кім
оза алған?!
Бір алдамшы бес күндік мына жалған.
Тал бесіктен көшеді жер бесікке,
Құтылатын пенде жоқ сұм ажалдан.

Өзіңді іздеп әр күнде сарыламыз,
Пендеміз ғой жазмышқа бағынамыз.
Үңірейіп ортамызда орның тұр-ау,
Жүрек жаншып құлазып сағынамыз.

«...Қызым құтты жерге қонса екен деп,
Немеремнің басы екеу болса екен деп...
Шөберемнің иіскеп маңдайынан,
Әулетіме ырыс-құт қонса екен деп...»

Армандаған... Қайтеміз өмір – келте,
Ажал торы алдынан көрінді ерте.
Кете барды көзінен бұл-бұл ұшып,
Кешегі өткен дәурені – көңілді, ерке.

Жарылқай гөр, бір Алла Жебеуші өзің,
Сағыныш пен қимастық – ерен сезім.

Немерелер сағынып әжелерін,
Еске алады «құлыншақ» деген сөзін.

Көрер алда қуанышың көп еді,
Оралар ма өткен өмір дерегі.
Рухың, Сіздің, мың жасайтын соңында,
Ұмытпайтын ұрпағың бар, себебі.

Топырағың торқа болсын, қош мәңгі,
Өзіңді іздеп жанарлардан жас тамды.
Сағынумен сені бүгін жан жарың,
Бауырларың, балаларың еске алды.

***

2021 жылғы **4 шілде күні сағат 11.00**-ден бастап **«Байқоңыр» кеңшарында** жылына арналып асы беріледі.

**Еске алушылар:**
**жұбайы – Дүйсенбай, балалары,**
**немерелері,**
**ЕСЕНБАЕВТАР әулеті**

ЕСКЕ АЛУ

## Қарлығаш Қайроллақызы ӘБСАТТАРОВА

### КИЕЛІ ҚҰС ҰЯСЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ



Өзекті өкініш боп жандырасың,
Демеппін дидарыңа зар қыласың.
Ұяңда бес балапан шырылдайды,
Дауысын естимісің, Қарлығашым?

Тірлікке енгеніммен қара-құраң,
Менен де аулақ көшіп барады ма
ән?
«Қайда екен» деген сөзді
күнде оқимын
Анасы жоқ бесеудің жанарынан.

Кенеттен долданып күн
қуйындатты,
Көрсетті қатал тірлік күйін қатты.
Қайтейік, тағдырыңның жазу сол –
Кенженің тойын тойлау
бұйырмапты.

Ерекше нұр жиылып түр-өңіңе,
«Жеткіз, – деп сұраушы едің,–
тілегіме».
«Аналық белгім болсын», –
деп Қарлығаш,
Бес тал гүл егіп кеттің жүрегіме.

Жар едің ердің жайын білетін шын,
Антыңа адал ғұмыр сүретінсің.
Жалғанның ақ-қарасын сезінсең де
Жабықпай жайраң қағып
жүретінсің.

Сен барда Өмір ғажап, тамашатын,
Жанымның жартысы едің
жарасатын.
Бастаудай тұнық еді адалдығың,
Асқардай биік еді парасатың.

Ғайыпқа кеттің, көзді талдырасың,
Жастыққа сағыныш боп
тамды жасым.
Тірлік кейде кейітсе, сені іздеймін,
Су сепкен қанатымен Қарлығашым.

Жалқын су – жүрегімнің басы
бүгін,
Көңілім болмашыдан жасыды мың.
Арманым – бес ботаңның
естісем тек
Мынау аппақ әлемге ғашық үнін.

«Қанат бер ,– деп тілеймін, –
талмайтұғын,
Арман бер аспан-көкке
самғайтұғын».
Қарлығаш, білесің бе, өміріңнің
Үзігін осылар ғой жалғайтұғын.

Жүрсе де көріп небір тамашаны,
Сыздайды жүрек дейтін жан ошағы.

Жанына сенің қазаң салып кеткен
Анаңның жазылған жоқ жарасы әлі.

Жан едің жақсылықтың әні
шындар,
Деуші едің: «Өмір – бәйге,
жарысыңдар».
Мақтайды атыңды атап
қайынағалар,
Сені әлі сағынып жүр абысындар.

«Бар істің таба білген ебін», – дейді,
«Бұлт баспас жан еді ғой көгін», –
дейді.
«Әбсаттар әулетінің босағасын
Бақ болып аттап кірген келін»,–
дейді.

Дуымен көңіліңнің жуған «кірін»,
Тірлікте ұнатпайды думанды кім?
Қарлығаш, сезесің бе биыл тағы
Өзіңсіз өтіп жатыр туған күнің.

Тірліктің ерте тыйдың неге өлеңін?
Деуші ең ғой: «Сенімен бір
кемедемін».
Жарқылдап ортамызда жүргеніңде
Жайраңдап қырық алтыға
келер едің...

Санамда сағыныш үн ызыңдайды,
Осылай тастайды екен ізін қайғы.
Сене бер, қарлығаш та киелі құс,
Киелі құс ұясы бұзылмайды.

Өттің ғой аласармай арлы басың,
Адалдық – сенің өлмес
мәңгі жасың.
Артыңда қалған алтау дұға қылды:
Мекенің жұмақ болсын,
Қарлығашым.
Әмин!

**Сағынышпен еске алушы:**
**ағайын-туыс, балалар атынан**
**жолдасың**
**Наурызбай ӘБСАТТАРОВ**

ЕСКЕ АЛУ







1971-1981 жылдары № 11 Қарақұм орта мектебінің қабырғасында он жыл бірге оқып өмірден өткен сыныптас достарымыз, біреуге аяулы жар, асыл әке, қадірлі ата-әже болған асыл жандар **Болат Сәрсенов, Амантай Шоланов, Айман Сыздықованы** еске аламыз.

Биыл мектеп бітіргенімізге – 40 жыл. Шіркін уақыт, не деген жүйрік?!

Жатқан жерлері жайлы болып, жандары жәннатта, топырақтары торқа болсын.

**Еске алушылар:**
**1981 жылғы мектеп бітіруші түлектер.**

## ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

**«Тәуелсіздік құрдастары» айдары аясында қаламыздағы белсенді жастардың бірқатарымен қысқа сұхбат құрған едік. Егемендік құрдастарының Тәуелсіздік ұғымын қалай түсінесіздер, тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміз және алдағы уақыттан не күтесіз деген сұрақтар төңірегіндегі ойларын оқи отырыңыздар.**

***Рауан Уалиханұлы ОРАЗБАЕВ, Жезқазған қаласының ЖББМ № 1 информатика пәнінің мұғалімі. Педагогика және психология ғылымдарының магистрі. Еңбек өтілі – 10 жыл.***



*Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы – осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес.

Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

*Тәуелсіздіктің арқасында еліміз көптеген жетістікке жетті. Демографиялық көрсеткіштер де өсті. 1991 жылдан бері халық саны 2 млнға артты. Азаттықтың алғашқы жылдары Қазақстандағы қазақ халқының үлесі 40 пайызға жуық еді. Бүгінде бұл көрсеткіш 70 пайызға жетті. Білім беру саласында да ілгерілеу бар. 28 жылда 1500 мектеп салынды. Мемлекеттік тілдің мәртебесі көтерілді. Соның нәтижесінде қазақ мектептері мен балабақшалары көптеп ашылды. Мысалы, 1991 жылы оқушылардың 37 пайызы ғана қазақ сыныптарында оқыса, бүгінде бұл тілде білім алушылардың үлесі – 76,6 пайыз. Егеменді ел атанған жылдары балалардың небәрі 26 пайызы балабақшадағы қазақ топтарында тәрбиеленген болса, қазір 67,2 пайызға жетті. Мұның бәрі – тәуелсіздіктің толағай табысы.

*Абай атамыз айтқандай, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады». Алдағы уақытта ғылымға, білімге, мақсаттарға жеткізе алатындай талап еселеп көбейеді деген ниеттемін.

***Медет Сламұлы ҚАРАХМЕТОВ, «Бозай KZ» ЖШС мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманы. Қалалық «Кеңгір толқындары» ақындар мүшәйрасының жеңімпазы, облыстық «Бұхарекең жырлайды» жыр жарысының жүлдегері, Жезқазған қалалық «Жас толқын» жас ақындар клубының мүшесі. 2013-2016 жылдар арасында «Малшыбай селосы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет етті. «Арқадағы арда жыр» 100 томдыққа және «Өр үмітті жастар» атты кітаптарға өлең топтамалары енген. Қазіргі таңда басылым беттеріне өлеңдері жарияланып тұрады.***

*Тәуелсіздік – таңбасы таста жатқан құдыретті сөз. Еліміз тәуелсіз атанған 30 жылда Қазақстан етек-жеңін жиып, дербес зайырлы мемлекет болды. Бұл атадан келе жатқан азаттық жолындағы күрестің жемісі. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған қазақ жастарының жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында бүгінде шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

*Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның жеткен жетістіктері аз емес, оның ішінде халықаралық деңгейдегі, әлем таныған жетістіктерін атап өтсек.

1991 жылы 2 қазанда қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті.

1997 жылы 20 қазанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялады.

2011 жылы Қазақстанда алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медаль иеленді.

2017 жылы Қазақстанда «EXPO-2017» көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астанада өтті. Оны тамашалауға әлемнің түпкір- түпкірінен 3 млндай адам келді.



2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етті. Сондай-ақ, Астананың 20 жылдық мерейтойы тойланды.

*Алдағы уақытта ең алдымен, әлемді аландатқан жаман індеттің түбегейлі жойылуын тілер едім. Еліміз індеттен аман болса, халықтың да еңсесі көтеріліп, еш алаңсыз өмір сүреді.

Болашақтан ең бір күтетін маңызды дүние – бұл қазақ елінің қазақша ел болуы!

Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенін барлығымыз бірдей қолдап, бірге жүзеге асырсақ, ертеңгі күні ешкім келіп намысымызды аяқ асты етпейді.

Балабақшадан бастап, оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінің мәртебесі жоғарыласа деген тілек білдірер едім. Тіліміздің абыройы асқақтай берсін!

**Материалды жинақтаған музейдің ғылыми қызметкері Ақнұр РАХМЕТОВА**

## Тәуелсіздік жылнамасы

***2014 жыл***

• 27 ақпан күні Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде XXIV аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі салтанатты жағдайда ашылды. Фестиваль аясында ақын, сатирик Базарбай Әлеуханұлының «Қолымда менің қалам бар» атты жыр кеші, С.Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театрда ақын Тайжан Қалмағамбетовтің туғанына 135 жыл толуына орай II аймақтық дәстүрлі әндерді орындаушылар байқауы өткізіліп, Жезқазған көрме залында суретші, дизайнер Зейнолғабдин Мұхамединнің «Арнау» атты жеке көрмесі ашылды.

• 31 қаңтар мен 15 ақпан аралығында Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойына арнайы ескерткіш белгілерін жасауға арналған конкурс жарияланған болатын. Оның жеңімпаздарын анықтау үшін құрамы 11 адамнан тұратын комиссия құрылған. Арнайы ескерткіш сувенирге арналған конкурстың бірінші тармағы бойынша Жезқазған мыс қорыту зауытының қызметкері, бұған дейін Жезқазған қаласы эмблемасының авторы атанған Махмет Искаковтың жобасы лайық деп танылып, жеңімпаз атанды. Мерейтойлық ескерткіш медаль жасау тармағы бойынша «NOMADS» ЖШС-нің дизайнері Василий Башмановтың жобасы мақұлданды.

• 22 тамызда ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қарағанды облысындағы жұмыс сапары барысында Жезқазған-Ұлытау өңіріне арнайы атбасын бұрды. Мемлекет басшысының қатысуымен Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл теміржол желілері салтанатты жағдайда ашылды.

• Қаламызбен қоңсылас жатқан Кеңгір ауылындағы құс өсірумен айналысатын «Capital Projects LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі іске қосылды.

• Жезқазған қаласы әкімдігі жанындағы қала құрылысы кеңесі мысты қаланың 60 жылдық мерейтойына орай «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-нің қаржыландыруымен орнатылатын Металлургтер стелласының дизайнын таңдап, үлгісі айқындалды.

• Арбамен жүретін мүгедектерге арналған әлеуметтік тегін такси орталығы ашылды.

• Қаланың 60 жылдық мерейтойына байланысты Халықаралық ғарыш станциясы астронавтары Жезқазғанда болып, қала активіне астронавтардың ғарыштан жасаған Жезқазғанның бірегей көрінісін естелік сыйлық ретінде тапсырды.

• Жезқазған университетінде осы оқу орнының профессоры Т.Алланиязовтың қазақ және орыс тілінде жазылған «Ерекше лагерьлер» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта фотоматериалдар және құжаттар жинақталған.

• «Әйелдердің ролі мен азаматтық бастамаларын, қоғамдық, саяси белсенділігін арттыру, ана мен бала денсаулығын қорғау, отбасы құндылықтарын насихаттау үшін қаламызда «Заман жарғысы» атты қоғамдық бірлестік құрылды.

• «Нан өнімдері» акционерлік қоғамы жанынан «Ұлытау» атауын иеленген макарон цехы ашылды. Онда макаронның 12 түрі өндіріледі.

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві**

# ТЕАТР ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ МАУСЫМЫН ЖАПТЫ

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Отандық, алыс-жақын шетелдік режиссерлерді шақырып спектакль қою – артистердің шығармашылық әлеуетін анықтап, шеберлік қарым-қабілеттерін дамытуға, заман талабы, өмір көшінен қалып қоймай алға қарай белсенді еңбек етуіне мүмкіндік береді. Осыған орай қуыршақ труппасына спектакль сахналаудағы режиссерлік қолтаңбасымен елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де жақсы танымал, Нұр-Сұлтан қаласындағы М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының бас режиссері, Ленинградтың қуыршақ мектебінің түлегі Бекболат Парманов арнайы шақырылды. Шақыруды құп алған Бекболат Саттарұлы аз уақыт ішінде Денис Смирновтың «Колючая шубка» пьесасы бойынша «Кірпітайдың тоны» қуыршақ спектаклін қойып шықты Спектакльдің қоюшы-суретшісі Актөбе «Алақай» облыстық қуыршақ театрының директоры, белгілі сценограф, Мәдениет қайраткері Әсия Құрманалина болса, арнайы музыкасын композитор Али Ермекбаев жазды. Талантты режиссер, танымал суретшінің шығармашылық шабытынан туындап, қуыршақ труппасы әртістері мен қызметкерлерінің бірлескен жұмысы нәтижесінде дүниеге келген тартымды спектакль кішкентай көрермендерге тамаша базарлық болды.

Бұдан кейін режиссер Жасұлан Түсіпбеков қуыршақ труппасында Е. Фишердің (аудармасы С.Мақұлбековтікі) «Кішкентай құтан мен қарақшы» ертегі-спектаклін дайындап шығарса, драма труппасында Мируана Жанботаева аудармасын актриса Райхан Ибраева жасаған Э.Шмиттің «Екі дүниенің ортасындағы мейманхана» психологиялық драмасын таяуда көркемдік кеңеске тапсырды.

Маусымның тағы бір ауыз толтырып айтар жаңалығы жас актерлердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында сахна өнерінің «жілігін шағып, майын ішкен» білгірлері мен сахна шеберлерін театрға шақырып, шеберлік сыныбын (мастер-класс) өткізу болды. Сондай игілікті шараны қуыршақ труппасымен Бекболат Парманов өткізді. Маусымашар шараға арнайы келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәбит Әбдіхалықов, ҚР еңбек сіңірген артисі, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жастар театрының актері Сағызбай Қарабалин, М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық театрының қоюшы режиссері Жұлдызбек Жұманбай, Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ербол Есендосов, І.Омаров атындағы Қостанай облыстық театрының актері Азамат Шөкеев өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті, спектакльдегі жастардың ойындары жайлы пікірлерін ортаға салып, сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

Осындай шараны бұдан соң Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрының актері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының ұстазы, «EGO» театр зертханасының жетекшісі, театр және кино актері Ерлан Әнуарбекұлы Карибаев өткізсе, екіншісін жыл басында Мәскеу академиялық К.Станиславский атындағы Электротеатрының артисі, О.Табаков атындағы театр жүлдесінің иегері, «Кинотавр, «Евразия», «Шәкен жұлдыздары» кинофестивальдерінің «Үздік ер рөлі» номинациясының жүлдегері Азамат Нигманов өткізді. Аталған шеберлік шаралары, сөз жоқ, жас актерлердің кәсіби біліктілігін арттыруына, сахна өнерінің қыр-сырын меңгеріп, жаңа тәсілдер мен әдістерді игерулеріне мүмкіндік берді.

2021 жылдың 5 мамырында театр 30 жылдан бері есімін құрметпен алып келе жатқан ҚазКСР халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, қазақ кәсіби театр өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі, актер Серәлі (Серке) Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толды. Осы атаулы дата қарсаңында ұлы актердің қазақ театр және кино өнеріне қосқан өлшеусіз еңбегіне көзі қарақты көрерменнің көңілін аудартып, халық санасында қайта жаңғырту мақсатында театрдың бастамасымен Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ұлы актердің өмірі мен шығармашылығына арналған «Қазақ сахнасының ірі тұлғасы» атты көрме табысты өтті. Аталған көрме 5 мамыр күні сахна саңлағының алпыс жылға жуық еңбек еткен Алматыдағы М.Әуезов атындағы Ұлттық драма театрында жалғасты. Көрмеге орай брифинг өтіп, театрға келушілер тума талант, қазақ өнерінің дара дарыны Серке Қожамқұловтың сахна мен кинода ойнаған рөлдері жайлы фотосуреттер, құнды құжаттар мен жеке жәдігерлерімен кеңінен танысуға мүмкіндік алды. Алдағы уақытта көрме Қарағанды, Қостанай қалаларында өткізіліп, қыркүйек айында Жезқазған қаласында өтетін Халықаралық форум-фестивальде қорытындыланатын болады.

Дәл осы күндері дарабоз дарынға арналған дөңгелек үстел Сәтбаев қаласындағы Достық үйінде де өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар қазақ театр өнерінің іргетасын қалаушы ҚазКСР халық артисі, Социалистік Еңбек Ері С.Қожамқұловтың өмірі мен шығармашылығы жайлы мазмұнды әңгіме тыңдап, ән-жырдан шашу шашқан әртістердің өнерлеріне ризашылық білдірді. Актердің мерейлі мерекесіне орай жергілікті «Дидар» телеарнасынан ҚР халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев пен әдебиет бөлімінің меңгерушісі Үмітай Молдабергеннің қатысуымен сырлы сұхбат ұйымдастырылды. «Қазақ радиосы» С.Қожамқұловтың көзін көрген М.Әуезов театрының ардагер артистері Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Нүкетай Мышпаева, Серке театрынан Досжан Жанботаевтың естеліктері мен театр басшысы Досхан Сәкеннің ақын көрмесі жайлы сұхбаты берілді. «Шалқар» арнасының бір хабары ҚР Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Досжан Жанботаевтың шығармашылығына арналды.



Театр репертуарындағы көтерген тақырыбы ауқымды қойылымдардың бірі – XX ғасырдың 1931-1956 жылдары аралығында «Карлаг», «Степлаг», «Алжир» аталған азап лагерьлерінде сталиндік қуғын-сүргіннің адам айтқысыз айуандықпен жүргізілген азалы тарихынан сыр шертетін Ғ.Жайлыбайдың «Қара орамал» поэтикалық драмасы дер едік. Спектакльді лагерь тұтқындары бастан кешкен аяусыз зұлымдық, шектен шыққан жауыздық пен өлшеусіз өшпенділіктің қасіретті шежіресі деуге болады. Адам болмысының беріктігіне сын болған қиындықта кісілік келбеттерін жоғалтпаған тұтқындардың жүректеріндегі сөнбес рух, келешекке деген жоғалмаған сенімдері мен үзілмеген үміттері жайлы қойылымның жас ұрпаққа берер тағылымы мол. Сондықтан 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» қарсаңында спектакль облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен Қарағанды облыстық «Сарыарқа» телеарнасы хабары қорына жазылып алынуы – келешек ұрпақ үшін баға жетпес құнды жәдігер болары анық.

Театрдың биылғы маусымы ұжым мүшелері үшін карантиндік шектеу шараларымен ғана емес, жүрекке жылылық сыйлар жағымды жаңалықтарымен де есте қалды деуге болады. Айталық, 27 наурыз –Халықаралық театр күні мен 21 мамыр – Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында бір топ ұжым мүшелері түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Солардың бастысы – театрдың көркемдік жетекшісі Кенжетай Абильдин, қуыршақ труппасының актрисасы Рыскүл Исмайлова, суретші Жұмабай Сәрсенов, реквизитор Гүлнар Қабылова ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен, бас есепші Бақыткүл Конурова мен қуыршақ труппасының актрисасы Тихонова Светлана ҚР Мәдениет пен спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталуы болды. Костюмер Лена Аққошқарова Қазақстан салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісін кеудесіне тақса, труппа меңгерушісі Мейрамкүл Бәкібаева, аудармашы Балдырған Жаппарханова, актриса Гауһар Майрамбек, қуыршақ труппасының қойылым бөлімінің меңгерушісі Ботагөз Кеделбаева, тігінші Ләззат Жолдыбаева жарық беруші Күлән Байдешова Салалық кәсіптік одақтың Құрмет грамотасын, жас артистер Ерназар Саят, Жанатов Еркебұлан кәсіподақтың Қарағанды облыстық филиалының Алғыс хатын иеленді. Қуыршақ труппасының актрисасы Тұрсымұратова Зере Басқарманың Құрмет грамотасымен, суретші Айтбаев Хамитбек, хореграф Аманжолова Эльнара, қуыршақ труппасының бутафоры Қалекен Бейсенкүл, қуыршақ труппасының актері Каменов Жанболат, жарық беруші Ахметова Салтанат Басқарманың дипломы мен сыйақысына ие болды. Сондай-ақ, қуыршақ труппасының режиссері Жасұлан Түсіпбеков, театрдың жас артистері Гүлдер Алиева, Ардақ Жарқынбеков, Нұржан Бейісбеков, Мәди Сәденов, Тоғжан Нұртаза, Гауһар Майрамбек «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалының Алғыс хатымен марапатталды.Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жыл сайынғы сыйлығының «Үздік қоюшы маман» номинациясына биыл қойылым бөлімінің меңгерушісі Ботагөз Кедельбаева лайықты деп танылды. Сөз жоқ, бұл марапаттар ұжым мүшелерінің еңбекке құлшынысын арттырып, жаңа жетістіктерге жетелейтін болады.

Келер маусым ұжымы үшін бұрынығыдан да жауапты болғалы тұр. Өйткені театр өзінің елуінші – мерейтойлық маусымының шымылдығын түрмек. Осынау мерейлі мерекені лайықты қарсы алу үшін тиісті жоспарлар белгіленіп, ұйымдастыру шаралары басталып кетті. Жаңа маусымда өнерсүйер қауымды өзіміздің және мәскеулік режиссер А. Нигманов қоятын жаңа спектакльдер күтіп тұр. Ж.Хаджиев атындағы Халықаралық театрлардың форум-фестивалін өткізу де осы маусымның еншісінде. Театрдың 50 жылдық мерейтойына байланысты деректі фильм түсіру, кітап шығару, театр құрылған, С.Қожамқұлов дүниеге келген Арқалық қаласы, Қостанай облысы мен Ресей өңіріне гастрольдік сапарлар ұйымдастыру сияқты ауқымды істер қолға алынбақ. Ендеше, елуінші маусымның елеулі жаңалықтарын бірге бөлісейік, қадірлі көрермен!



**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**




